



## АҚОРДА

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА ТҮСЕДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасы Президентінің арнаулы өкілі – Президент Әкімшілігінің басшысы Кан Хун Шикті қабылдады.

Мемлекет басшысы Корея Республикасы Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі саналатынына назар аударып, екіжақты ықпалдастық қарқынына жоғары баға берді.

Президент Қазақстанның корей халқына және Корея Республикасының даму деңгейіне құрметпен қарайтынын атап өтіп, Астана екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кан Хун Шиктің арнаулы өкілі ретінде елімізге жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды және Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёнге ыстық лебізін жолдады.

– Сіздің сапарыңыз қазақ-корей ықпалдастығын одан әрі нығайту тұрғысынан өте маңызды. Бірлескен күш-жігердің

арқасында елдеріміздің ынтымақтастығы арта түсетініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Кан Хун Шик қонақжайлық танытқаны үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау бойынша референдумның табысты өтуіне орай Президент Ли Чжэ Мённің құттықтауын жеткізді.

Арнаулы өкілі Корея Республикасының сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды күшейту, сондай-ақ түрлі салада бірлескен жобаларды іске асыру арқылы өзара қарым-қатынасты мүлдем жаңа деңгейге шығаруға айрықша маңыз артатынын мәлімдеді.

Әңгімелесу барысында екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе, соның ішінде жаһандық нарықтағы қазіргі сын-қатерлерге байланысты энергетика, көлік-логистика салаларында ықпалдастық аясын кеңейту перспективасы талқыланды.

Кездесу соңында Кан Хун Шик Президент Ли Чжэ Мённің Қазақстан Президентінің Корея Республикасына сапармен келуге және биыл қыркүйек айында Сеулде өтетін «Корея – Орталық Азия» саммитіне қатысуға шақыратынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея көшбасшысының шақыруын ықпалмен қабылдады. Мемлекет басшысы жоғары деңгейде өтетін алдағы келіссөздер екі ел ынтымақтастығын жандандырып, Орталық Азия – Корея Республикасы форматындағы ықпалдастықты арттыруға оң септігін тигізетініне сенім білдірді.

## БІТІМГЕ КЕЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ ҚҰПТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф пен Пәкістан Қарулы күштерінің бас қолбасшысы, фельдмаршал Асим Мунирдің арағайындығы арқылы Таяу Шығыстағы соғысты толық тоқтату және бітімге келу туралы келісімге қол жеткізілуін құптады.

Бұл келісім АҚШ Президенті Дональд Трамптың және Иранның жоғарғы басшылығының, сондай-ақ әскери қақтығысқа қатысқан елдердің ізгі ниеті мен парасаттылығының арқасында мүмкін болды.

Мемлекет басшысы әлемдік сауданың дамуына және барлық мемлекеттің экономикалық өркендеуіне жағдай жасау мақсатында қол жеткізілген бітімгершілік келісімнің ұзақ мерзімді сипатқа ие болатынына үміт білдірді.



## ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КІДІРІС: ӨСІМ ТӨМЕНДЕП БАРАДЫ

Ұлттық статистика бюросының есебінше, 2026 жылғы 1 ақпанда ел тұрғындары 20 518 005 адамға жетті. Қазір халықтың 13 миллионнан астамы қалаларда тұрса, шамамен 7,5 миллионы ауылдық елді мекендерде өмір сүріп жатыр. Сарапшылардың пікірінше, елімізде туу көрсеткішінің шарықтау шегі 2021 жылға тұспа-тұс келді. Сол жылы республика бойынша 445 875 сәби дүние есігін ашып, тарихи рекорд орнатылған екен.

## ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ ЖОЛ АШАТЫН МҮМКІНДІК



Макроэкономикалық көрсеткіштерге келсек, белгілі бір тұрақтылық сақталғанын көреміз. Инфляция деңгейі бақылауда, ұлттық валюта бағамы айтарлықтай күрт өзгерістерге ұшыраған жоқ, ал бюджет саясаты салыстырмалы түрде теңгерімді сипатта қалып отыр. Бұл факторлар халықаралық ұйымдардың бағалауында экономикалық жағдайдың тұрақты екенін көрсететін элементтер ретінде қарастырылады.

→ 4

## ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚАУІПТІ ТҰЗАҒЫ

Лудомания – бүгінгі қоғамды ішінен ірітетін, рухани тірегін шірітетін дерт. Осыдан екі жыл бұрын сарапшылар елдегі құмар ойынға тәуелді азаматтардың санын 350 мыңнан асады деп көрсетсе, бүгінде олардың қарасы жарты миллионнан асып жығылатыны жиі айтыла бастады. Айналдырған 20 миллион ғана халқы бар мемлекет үшін бұл – алаңдатарлық, тіпті үрей туғызарлық көрсеткіш.



→ 4

## СҰР ДАҒҒЫЛДАН ДҮР ДАҒҒЫЛҒА



Жоба толық жүзеге асқанда автодәліз бойында 11 көпір, 13 жол өткелі, үй жануарларына арналған 62 өткел және 399 су өткізгіш құбыр салынады деген жоспар бар. Бұған қоса, жүргізушілер мен жолаушыларға арналған заманауи сервистік қызмет көрсету нысандары салынбақшы.

→ 7

## «ТІЗГІНДЕГІ» ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ



Жоба аясында ұсынылған «Тізгін ұстаған әйел» бейнесі көбіне заманауи көркемдік ишарадан гөрі тарихи жадыға қайта оралу іспетті әсер қалдырады. Бәлкім, дәл осы себептен шеберлер көрме тақырыбын мифологиялық образдардан бастап, әйелдің қоғамдағы рөліне қатысты метафораларға дейін кеңінен аша алған болар.

→ 8

9 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста Мәжіліс депутаттары «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдап, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға енгізілген түзетулерді қабылдады. Екінші оқылымда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңның жаңа редакциясы және еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша түзетулер қабылданды. Сонымен қатар Қазақстан мен Түркия арасындағы әскери мүлік пен персоналды екі елдің әуе кеңістігі арқылы транзиттеу туралы келісім ратификацияланды.

«Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында депутаттардың бастамасымен әзірленген. Оның нормалары салада құқықтық негіз қалыптастыруға, психологиялық көмектің қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құжатты таныстырған Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі әрі жұмыс тобының жетекшісі Айна Мысырәлімова бұл жай ғана заң жобасы емес, ең алдымен, қоғамның қауіпсіздік пен сапаға деген сұранысына жауап екенін атап өтті.

— Соңғы жылдары Қазақстанда бұл қызмет түріне сұраныс айтарлықтай артты. Алайда психологиялық қызмет нарығы әлі күнге дейін реттелмеген күйде қалып отыр. Ал мұның салдары абстрактілі емес, ол — нақты адамдардың тағдыры. Психологиялық көмек — осал күйдегі адаммен жұмыс, сондықтан ол құқықтық алаңнан тыс қалмауға тиіс, — деді депутат.

Айна Мысырәлімованың айтуынша, алғаш рет заңнамалық деңгейде психологтардың кінәсі және психологиялық қызметпен кім айналыса алатынын нақты айқындалады. Депутаттар психологтардың кәсіби біліктілігі мен біліміне қойылатын талаптарды белгіледі, сондай-ақ кәсіби құпияны қорғау, этикалық нормаларды сақтау және манипуляциялық әдістерді қолдануға тыйым салу қағидаттарын бекітті.

Заң жобасында психологтардың және қызмет алушылардың құқықтары мен міндеттері айқындалған. Сонымен қатар қызмет сапасын арттыру үшін стандарттау, кәсіби жауапкершілікті дамыту шаралары қарастырылып, психологиялық қызметтің нысандары мен әдістері енгізіледі.

Айна Мысырәлімова қоғам сенімін арттыру және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатымен қызмет көрсететін барлық психологтарды мемлекеттік тізімге міндетті түрде тіркеуді ұсынды. Бұл қызмет нарығын реттеп, тиісті біліктілігі жоқ тұлғалардың қызметіне жол бермеу үшін қажет.

Сонымен қатар заң жобасында психологиялық және медициналық қызметтің аражігі айқын ажыратылады, ал бұл қолданыстағы құқықтық оқлықтарды жоюды.

Талқылау барысында депутаттар баяндамашы мен уәкілетті органдар өкілдеріне психологиялық қызметпен айналысуға қойылатын және мамандардың біліміне қатысты талаптар, психологиялық қызмет пен коучинг арасындағы айырмашылық, сондай-ақ қызмет нарығын реттеу тетіктері мен жауапкершілік мәселелері бойынша сұрақтар қойды.

Жиын қорытындысы бойынша заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Бұл бағыттағы жұмыс психологтардың, ғалымдардың, сарапшылардың және тиісті мемлекеттік органдардың қатысуымен жұмыс тобының отырыстарында жалғасуда.

Бұдан кейін депутаттар «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға енгізілетін түзетулерді қабылдады.

Ұсынылған нормаларды әріптестеріне Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, құжатты әзірлеушілердің бірі Еділ Жанбыршин таныстырды.

## ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЗАҢМЕН РЕТТЕЛЕДІ



— 2021 жылы «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң қабылданды. Заң қабылданған кезде бұл әдіс заманауи, гуманистік, өркениетті тәсіл ретінде ұсынылды. Бірақ біз заңды ниетпен емес, нәтижемен бағалауымыз керек. Ал нәтиже, өкінішке қарай, анық: бұралқы иттердің саны азайған жоқ, керісінше өсті. Бұл заң жобасы эмоциялық емес, жүйелі қайта қарауды ұсынады. Ол жануарларға қарсы бағытталмаған. Ол бүгінгі проблеманы туындатқан құқықтық бейберекетсіздікке, жауапсыздыққа, басқарушылық дәрменсіздікке қарсы бағытталған, — деді депутат.

Оның мәліметінше, 2022 жылы шамамен 243 мың иесіз ит ауланса, биылғы жылдың басында олардың саны 276 мыңнан асқан. Ал соңғы бір жылда иттердің шабуылынан шамамен 41 мың адам зардап шеккен, олардың жартысынан көбі қараусыз иттердің кесірінен болған.

Еділ Жанбыршиннің айтуынша, ең негізгі түзетуі — бұралқы иттерге қатысты оларды қайтадан ортаға қайтару моделінен қайтарымыз аулау моделіне көшу. Қолданыстағы жүйе қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан тиімсіз, себебі мемлекет ықтимал қауіпті қайтадан қоғамның ортасына, сол азаматтар шағымданып отырған ортаға қайта жібереді.

Ал қараусыз мысықтарға қатысты қайтару моделі сакталады. Заң жобасы авторының айтуынша, бұл тәсіл аталған құжаттың жаппай қатандату қағидатына негізделмегенін, керісінше мінез-құлық қатерлерінің айырмашылығына, санитариялық қауіп деңгейіне және адамға төнетін нақты қатер деңгейіне негізделгенін көрсетеді.

Бұдан бөлек, ауланған жануарларды міндетті түрде ұстау мерзімі енгізіледі. Қаңғыбас жануарлар үшін уақытша ұстаудың ең төменгі мерзімі кемінде 5 күнді құрайды, бұл ретте мәслихаттарға өзге мерзімді, оның ішінде ұзағырақ мерзімдерді белгілеу құқығы беріледі. Ал қараусыз жүрген жануарлар үшін, яғни иесі болуы мүмкін жануарларға 60 күндік ұстау мерзімі қарастырылады.

Сол сияқты иттер мен мысықтарды міндетті түрде чиптеу тәртібі енгізіледі. Бұл олардың иесін анықтауға, жануарларды қараусыз қалдыруға жол бермеуге және есепке алу жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жануар иелерінің жауапкершілігі күшейтіледі. Айталық, егер жануар адамның денсаулығына, басқа жануарларға немесе мүлікке зиян келтірсе, келтірілген залал міндетті түрде өтелуге тиіс.

Адам денсаулығына ауыр немесе орташа зиян келген жағдайда жануарға тиісті тәртіп бойынша эвтаназия қолдану көзделген.

Бұған қоса, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне азаматтардың қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатымен жануарлардың агрессиясын жедел жою бойынша шұғыл шараларды ұйымдастыру құзыреті беріледі. Ал уәкілетті органға ұстауға, көбейтуге және айналымға тыйым салынған немесе шектелген жануарлар тізбесін бекіту өкілеттігі беріледі.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Ерболат Сатыбалды жаңа нормаларды талқылау бір маңызды ақиқатты көрсеткенін атап өтті. Бұл заң тек жануарлар туралы емес, қоғамдағы тәртіп, жауапкершілік, қауіпсіздік және ізгілік мәселесіне бағытталады. Жануарларға қатысты қатыгездікке жол бермеу қағидатын сақтай отырып, түзетулер бір мезгілде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жергілікті басқарудың тиімділігін арттыруға және нақты құқықтық тәртіп орнатуға бағытталған.

Баяндамаларды тыңдаған депутаттар баяндамашыға және жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне иесіз және қараусыз жануарлардың санын реттеу үшін қолданылған «аулау, стерильдеу, вакцинация, қайтару» әдісінің не себепті тиімсіз деп танылғаны жөнінде сұрақтар қойды. Сонымен қатар депутаттар қайтарымсыз аулау нормасын іс жүзінде асыруға, жануарларға қатыгездік жасағаны үшін қолданыстағы жауапкершілік шараларының жеткіліксіздігі деңгейіне және жауапкершілікті күшейтуге қажеттілігіне және басқаларына қатысты мәселелерді көтерді. Бұдан бөлек, үй жануарлары иелерінің есепке қоюдан жалтағуы мәселесі шешіле ме деген сұраққа да ерекше назар аударылды.

Жалпы отырыс барысында депутаттар Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы екі елдің әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді де ратификациялады. Аталған құжатты Қорғаныс министрінің орынбасары Аскар Мұстабеков таныстырды. Құжатқа сәйкес, транзит алдын ала келісілген маршруттар бойынша және ұлттық заңнама талаптарын қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады. Сондай-ақ онда төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету тәртібі қарастырылған.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Олжас Құсеповтің айтуынша, бұл келісім Қазақстанның өңірлік және халықаралық ұйымдар аясында атқаратын міндеттеріне сәйкес келеді. Құжат екі тарап үшін де қауіпсіздік пен бақылау тетіктерін қамтамасыз етеді. Осылайша, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеу қағидаты толық сақталады.

Мәжіліс «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңды жаңа редакцияда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі, депутат Марат Башимовтың мәліметінше, енгізілген өзгерістер мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жүйелі түрде арттыруға және клиентке бағдарланған тәсілді енгізуге бағытталған. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерге қойылатын патриотизм, кәсібилік, ашықтық, әдептілік, мінсіз бедел және құқықбұзушылықтарға төзеушілік сынды талаптар айқындалып отыр.

Сондай-ақ осы құжат арқылы мемлекеттік аппаратты қысқартуға көзделген. Бұл мақсатта мемлекеттік қызметке даярлау институты енгізіледі. HR процестерді цифрландыру үшін кадрларды іріктеу «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы толық цифрлық форматта жүзеге асырылады.

Жанартылған заңда мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға, білікті кадрларды тартуға және оларды ұстап қалуға бағытталған нормалар көзделген. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің құқықтық кепілдіктері жетілдіріліп, тәртіптік жауапкершілікке қатысты икемді тәсілдер мен негіздер айқындалды. Мемлекеттік қызметшілер кәсіби қызметіне заңсыз араласудан, негізсіз айып-таулардан және басқа да құқыққа қайшы әрекеттерден қорғалуы қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін теріс қылықтар заңнамалық деңгейде айқындалады, оның ішінде қызметтік міндеттерін орындауға қатысы жоқ әрекеттер де қамтылады. Олардың қатарында есірткілік және психотроптық заттарды медициналық емес мақсатта пайдалану, сондай-ақ алкогольді қылық, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйінде көлік құралын басқару бар. Бұдан өзге де нормалар көзделген.

Екінші оқылымда еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы депутаттық заң да қабылданды. Жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Құдайбергелі Бексұлтановтың айтуынша, түзетулер қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге және жекелеген рәсімдерді жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, еңбек саласында ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау нормалары бекітіледі. Уақытша еңбекке жарамсыздық немесе әлеуметтік демалыс кезеңімен сәйкес келген жағдайда соңғы жұмыс күнін айқындау тәртібі нақтыланады. Сонымен қатар жұмыс берушінің еңбек жағдайлары өзгергені туралы қызметкерді жазбаша түрде хабардар ету міндеті енгізіледі. Бұған қоса, қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібі де реттеледі.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары үшін еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау салаларында біліктілікті тұрақты арттыру міндеті енгізіледі. Сонымен қатар еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың құқықтары бекітіледі. Түзетулердің жеке блогы әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталған.

Екінші оқылымға дейін депутаттар медициналық ұйымдарды қызметкерлерді цифрлық технологиялар арқылы скринингтік тексерулерден өту қажеттігі туралы хабардар етуге және осындай тексеруден өтуге тиіс азаматтар туралы мәліметтерді жұмыс берушілерге жолдауға міндеттейтін нормаларды енгізді. Өз кезегінде, жұмыс берушілер қызметкерлерді скринингтен өтуге жіберуді қамтамасыз етуге тиіс.

Сонымен қатар Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитеті ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс соңында депутаттар өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 10 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығы Мәжілістің ресми сайтында және Telegram-арнасында жарияланған.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫМЕН КЕҢЕС ӨТТІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен ҚР Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Жиында Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Шығыс көршілер мен Орталық Азия елдеріне несие беру жөніндегі инвестициялық банкі және басқа да ұйым өкілдері қатысты.

Еліміздің инфрақұрылымын салу және жаңғырту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру барысы қаралды. Сондай-ақ макроэкономикалық тұрақтылықты нығайту, адами капиталды дамыту, өнімді инновациялар мен ЖИ технологияларын енгізу жөніндегі бастамаларға назар аударылды.

Жаңа Конституцияның қабылдануымен елімізде экономиканың серпінді өсуіне және азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған дамуын жаңа кезеңі басталғаны атап өтілді. Өз кезегінде, құқықтық базаны жетілдіру еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттырып, жобаларды жүзеге асыруға қажетті кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

Экономикалық саясат мәселесі бойынша Үкіметтің, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макроэкономикалық тұрақтандыру және



халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтілді. 2025 жылдың қазан айынан бері жылдық инфляцияның баяулауы байқалды, бұл — жүзеге асырылып жатқан кешенді шаралардың нәтижесі.

«Біз баға қысымын, инфляция деңгейін төмендету жөніндегі саясатты табанды түрде жалғастыруға ниеттіміз. Үкіметтің, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі бірлескен бағдарламасы жүзеге асырылууда. Биыл біз азаматтардың нақты табысын кем дегенде 2-3%-ға арттыруды алдымызға мақсат етіп қойдық. Бұл — жүзеге асырылып отырған ауқымды жұмыс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Дүниежүзілік банктің фискалдык саясат және экономикалық өсу бағытының өңірлік басшысы Антонио Нучифора мен Халықаралық валюта қорының Қазақстандағы миссиясының басшысы Амина Ларэш макроэкономикалық тұрақтылықты жалғастыру бойынша ұсыныстарын жеткізді. Экономикалық өнімділікті арттыруды жалғастыруға және жеке сектордың тұрақты экономикалық өсудің драйвері ретінде рөлін кезең-кезеңімен нығайтуға басымдық берілді.

Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері пікір білдірді.

Президент кеңесшісі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ергалиев мемлекеттің үлесін төмендету және нақты экономиканы

несиелеудегі банк секторының рөлін күшейту жөніндегі жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Бұл мемлекеттік капитал мен жеке капитал арасындағы бәсекелестікті болдырмауға мүмкіндік береді. Азық-түлік инфляциясының деңгейін төмендету мәселесіне қатысты сауда нарықтарының тиімділігін одан әрі арттыруға, көтерматарту орталықтарының инфрақұрылымы мен логистиканы дамытуға, өндіріс көлемін ұлғайтуға және басқа да бағыттарға назар аударылды.

Премьер-министрдің орынбасары — жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Андрей Михнев экономиканың негізгі секторларында инновацияларды коммерцияландыруды жеделдету және қолдау тетіктерін жетілдіру жөніндегі тәсілдерді атап өтті. Мәселен, экожүйені дамыту құралдары туралы нақтыланды, оның ішінде ЖИ, үлкен деректер мен аддитивті технологияларды дамыту арқылы бағдарламаларды және халықаралық өзара іс-қимылды кеңейту іс-шаралары бар.

Премьер-министр цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытудың маңыздылығын атап өтті.

«Цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту — негізгі ұлттық басымдықтардың бірі. 2026 жыл елімізде Цифрландыру жылы деп жарияланды, атап айтқанда, жасанды интеллектті жаппай енгізу, цифрлық сервистерден интеллектуалды мемлекеттік платформаларға көшу және экономиканың барлық секторларында деректерге негізделген тәсілдерді кеңінен енгізуге басымдық берілуде. Біз бұл бағытта озық қарқынмен ілгерілеуіміз керек», — деп атап өткен Олжас Бектенов

ХҚҰ өкілдерін ЖИ саласындағы белсенді ынтымақтастыққа шақырды.

Еуропалық қайта құру және даму банкінің қолдауымен «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылатын Ақтөбе қаласында көрізді тазарту құрылыстарын салу және реконструкциялау жобасына қатысты қарыз сомасының азаюына байланысты борыштық жүктемесін оңтайландыру нәтижелері қаралды.

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан жүргізілген рәсімдердің қорытындысы бойынша жұмыс көлемін қысқартуға жоба параметрлерін оңтайландыруға қол жеткізілгенін баяндады. Мәселен, қол қойылған ЕРС-келісімшарт несиелік келісімнің бастапқы сомасынан шамамен 7,9 млрд теңгеге төмен. Халықаралық серіктестің ұстанымын ЕКДБ-ның Орталық Азия және Моңғолия бойынша басқарушы директоры Хусейн Озхан жеткізді.

Отырыста Үйлестіру кеңесінің құрамын кеңейту мәселесі қаралды. Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорының кеңес құрамына кіруі туралы ұсынысқа қолдау көрсетілді. Сондай-ақ Үкіметтің халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында биылғы ақпан айынан бастап кенестің шешімдерін барлық мемлекеттік орган мен ұйым орындауға міндетті екенін атап өткен жөн.

Жиын соңында Премьер-министр Олжас Бектенов Үкіметтің халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді өзара іс-қимылының маңыздылығына назар аударып, тиісті мемлекеттік органдарға отырыста айтылған ұсыныстарды зерделеуді тапсырды.

## БАҒДАР

9 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ЕРЕКШЕ БАЛАНЫ ТҮСІНУ – ДИАГНОЗДЫ ҚАБЫЛДАУДАН БАСТАЛАДЫ

Елордада аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) бар балалардың ата-аналарына арналған жыл сайынғы Autism Talks-2026 кездесуі өтті. Жиында 500-ден астам қатысушы – ата-ана, сарапшы және маман бас қосып, қоғамда жиі көтерілмейтін өзекті мәселелерді ашық форматта талқылады. Іс-шара аутизм туралы ақпарат тарату жөніндегі дүниежүзілік күнге орай ұйымдастырылды. Кездесуді Bolashak Charity қоғамдық қоры өткізді. Жоба төртінші жыл қатарынан «AMANAT» партиясының қолдауымен «Кедергісіз келешек» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келеді.

Биыл спикер ретінде қатысуға 100-ге жуық өтінім түсіп, нәтижесінде еліміздің бірнеше қаласынан 10 спикер іріктелді. TED Talk форматында өткен сессияларда ата-аналар мен практиктер өз тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ іс-шара аясында ерекше қажеттіліктері бар жасөспірімдер дайындаған бұйымдардың жәрмеңкесі және қатысушыларға арналған интерактивті бағдарлама ұйымдастырылды.

Жиынды ашқан «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек өз сөзінде мұндай аландар мәселені ашық талқылап, шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Мемлекет басшысының бастамасымен барлық азаматқа тең мүмкіндік ұсыну бағытында елеулі қадамдар жасалып жатыр. Инклюзивті қоғам құру – мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Autism Talks сияқты алаңдар нақты мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік береді. Біз үшін әрбір баланың әлеуетін толық ашуына жағдай жасау – басым бағыттарымыз бірі. «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға арналған 13 ерте араласу және «Қамқорлық» бастамасымен аудандық деңгейде 6 оңалту орталығы ашылды. Бұл – инклюзияның қағаз жүзінде емес, нақты іспен жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Партия осы бағыттағы жүйелі жұмысты жалғастыра береді», – деді ол.

Іс-шараның бірінші бөлігінде қордың менталдық денсаулық жобасының қатысушысы, ерекше баланың анасы Айгүл Киналиева, «Жанасу-Прикосновение» қорының құрылтайшысы, «Вместе» орталығының тең құрылтайшысы және АСБ бар жасөспірімнің анасы Динара Идрисова, АВАQUS-DARYN қоры мен орталығының негізін қалаушылар, АСБ бар жасөспірімнің ата-аналары Дархан және Шынар Ажмолдаевтар, қордың мінз-

қулықтық бағдарламалар супервизоры және кураторы, түзету орталығының жетекшісі Мадина Татубаева, сондай-ақ Vatyl Jureq қорының тең құрылтайшысы, менталдық ерекшеліктері бар балаларға арналған бейімделген спорт жобасының жетекшісі, ДЦП бар баланың анасы Гауһар Акижанова сөз сөйледі.

Спикерлер өз баяндамаларында отбасында жиі кездесетін негізгі мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, диагнозды қабылдау, ата-аналардың эмоционалдық жағдайы, жасөспірімдердің дамуы мен дербестігі, бейімделген спорт, сондай-ақ мектепте және үйде мінез-құлықпен жұмыс істеу.

Bolashak Charity Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Динара Гапланнның айтуынша, қор 10 жылдан астам уақыт бойы инклюзивті білім беруді жүйелі түрде дамытып келеді.

«Сәуір айы біз үшін ерекше. Біз оны ата-аналар мен мамандар арасындағы ашық диалог алаңы – Autism Talks-пен бастап, Қазақстанда және оның шегінен тыс мыңдаған адамды біріктіретін Run for Autism қайырымдылық жүгіруімен аяқтаймыз. Autism Talks төрт жыл ішінде Астана мен Алматы қалаларында шамамен 1000 ата-ана мен маманды қамтыды. Биыл көктемде біз білім беру ұйымдарына қолданбалы мінз-құлық талдауын (АВА) енгізу бойынша әдістемелі ұсындық. Бұл құрал біздің көпжылдық тәжірибемізді жинақтайды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен күнделікті жұмыс істейтін мамандар мен ата-аналарға пайдалы болады», – деді ол.

Өз сөзінде ерекше баланың анасы, Bolashak Charity қорының менталдық денсаулық жобасының қатысушысы Айгүл Киналиева мыңды мәселеге назар аударды. Ол баланың диагнозын қабылдау, ең алдымен ерекше баланың ата-анасы екенін түсінуден басталатынын айтты. Оның сөзінше, ұзақ уақыт бойы дәл осы рөлді қабылдай алмай келген.



«Қордың психотерапиялық тобы мен үшін маңызды ішкі өзгерістерге жол ашты. «Ерекше ата-ана» болудың қиын екенін түсініп, оны біртіндеп қабылдауға және ішкі тыныштық табуға мүмкіндік алдым. Бұл тәжірибені тек маған тән емес екенін де ұқтым – дәл осындай күйді көптеген ата-ана бастан кешеді. Осыны түсінгеннен кейін маған әлдеқайда жеңіл болды, өзімді қайта тапқандай күй кештім. Мен үшін Autism Talks – осындай тәжірибелерді ашық бөлісіп, өзара қолдау табуға мүмкіндік беретін маңызды алаң», – деді ол.

Іс-шараның екінші бөлігінде Ұлттық балаларды оңалту орталығының балалар психиатры, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бас штаттан тыс балалар психиатры Раушан Дарбаева, Астана қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (ПМПК) жетекшісі Роза Ұрстембаева, заңгер және құқық қорғаушы, «Ерекше бала құқықтары» қызметінің жетекшісі Айгүл Шакибаева, аддикция бойынша кеңесші және интегративті терапия

терапевті Лариса Стоцкая, Bolashak Charity қорының мінз-құлықтық бағдарламалар кураторы, АСБ бар жасөспірімнің анасы Екатерина Таженова сөз сөйледі. Мамандар өз баяндамаларынан кейін ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, практикалық кейстерді талқылады.

«Бүгінгі түйткіл – қызметтердің жоқтығында емес, олардың жүйесіздігі мен бірінғай тәсілдің болмауында. Мұндай жүйе болмаған жағдайда, отбасылар қолдау тетіктерін өз бетінше құруға мәжбүр болып, іс жүзінде мемлекеттік механизмдердің орнын алмастырады. Өз тәжірибемде құқықтық тұрғыда нақты реттелмеген, жауабы айқын емес мәселелермен жиі бетпе-бет келемін. Мәселен, мүгедектігі бар және мүгедектігі жоқ балаларға қандай қызмет түрлері кепілдендірілетіні, сондай-ақ мүгедектік рәсімделмегенімен, қолдауды қажет ететін азаматтардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қандай екені көп жағдайда түсініксіз. Бұл мәселелерді шешу – түсінікті әрі қолжетімді қолдау жүйесін қалыптастырудың маңызды қадамы», – деді заңгер,

құқық қорғаушы, «Ерекше бала құқықтары» жобасының жетекшісі Айгүл Шакибаева.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, аутизм шамамен әрбір 100 баланың бірінде кездеседі, ал әлемде АСБ бар адамдар саны 75 миллионнан асады. Психикалық денсаулық орталығының дерегіне сөйкес, 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда АСБ диагнозымен динамикалық бақылауда 18 153 адам тіркелген, оның ішінде 17 713-і – кәмелетке толмағандар (97,5%). Астанада 4 368 адам тіркелген, оның 4 232-сі – балалар (96,8%).

Айта кетейік, Autism Talks алғаш рет 2022 жылы өткізіліп, осы уақыт ішінде ата-аналар мен мамандарды біріктіретін жыл сайынғы маңызды алаңға айналды. Мұнда диагнозды қабылдаудан бастап, тиімді шешімдерді табу және отбасы өмірін ұйымдастыруға дейінгі нақты тәжірибелер айтылды. Кездесу форматы жеке оқиғаларға, практикалық кейстерге және ашық диалогқа негізделген.

## КӨППӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ



Түркістан облысында «AMANAT» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы аясында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» семинар-форумы өтті. Оның барысында көппәтерлі тұрғын үйлердегі түйткілді мәселелерді шешу, тұрғындарға жайлы жағдай жасау бағытындағы байыпты бастамаларға баса назар аударылды.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев аталған жобаның мәні мен маңызына тоқталып, артықшылығы туралы баяндады. Оның айтуынша, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыруды көздейтін реформалар әрбір қала тұрғынының өмір сапасына тікелей әсер етеді. Жоба тарифтерге, абаттандыруға, жарықтандыруға, лифтілерге, интернетке, қауіпсіздік мәселелеріне қатысты жүйелі шешімдер қабылдануына ықпал етеді.

«AMANAT» партиясының бастамасымен өңірлерде көппәтерлі тұрғын үйлерге қатысты өзекті мәселелерді шешуді көздейтін TURGYNDAR AMANATY жобасы қолға алынды. Түркістан облысында құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Мысалы, облыс орталығы – Түркістан қаласында жана шағын аудандардың іргесі қаланып,

422 тұрғын үй бой көтерді. Біз бүгін Түркістан облысында мүлік иелері бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтері төрағаларының қатысуымен осы жобаны талқылап, алдағы бірлескен жұмысымыздың басым бағыттарының айқындалуы үшін жиналып отырмыз», – деді ол.

Оның айтуынша, жобаның басты мақсаты – қолайлы, қауіпсіз, жайлы әрі заманауи қалалық орта қалыптастыру және тұрғындардың белсенділігін арттыру. Бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жыл басынан бері осындай форум-семинарлар Қарағанды, Ақмола, Павлодар облыстарында өтіп, өз тиімділігін көрсетті. «AMANAT» партиясы бұл бағытта OSI-SKILLS форматында МИБ, ПИК төрағаларына оқыту-семинарларын ұйымдастыру, олардың жұмысын жүйелітін қалалық кеңестер құру, депутаттардың тұрғындар алдында есеп беруін жолға қою, қала әкімдіктерімен меморандум жасау,

«Таза Қазақстан» акциясы аясында абаттандыру жұмысын ұйымдастыру, халық қатысатын бюджет бағдарламасын іске асыру, үздік тұрғын үйлерді анықтайтын байқаулар өткізу, тұрғын үйді басқару ұйымдарының санатын кадрлық резервті жасақтау және бастаушы партия ұйымдарын құру бастамаларын жүзеге асырады. Сондай-ақ басқосу барысында TURGYNDAR AMANATY жобасы шеңберінде Түркістан облысында фронт-офис ашу мәселесіне де баса мән берілді.

Осы орайда Түркістан облысының әкімі Нұрәлхан Көшеров бұл басқосу өңірдегі тұрғын үйді басқару жүйесін жетілдіруге, өзекті мәселелерді ортаға салып, тиімді шешімдер қабылдауға тың серпін береріне сенім білдірді. Өңір басшысының айтуынша, қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі – көппәтерлі тұрғын үйлерді тиімді басқару. «Бүгінде облыс аумағында 1 877 көппәтерлі тұрғын үй бар. Соның ішінде, 1 620 тұрғын үй кондоминиум нысаны ретінде тіркелсе, 243 үй – коммуналдық меншікте. Облыс орталығы – Түркістан қаласында көппәтерлі тұрғын үйлерді мүлік иелерінің басқару моделіне көшіріп, сервистік қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтеруді

жоспарлап отырмыз. Осы күні облыс орталығында 4 басқарушы компания мен 7 сервистік қызмет көрсету мекемелері тұрғындарға тиімді қызмет көрсетіп келеді. Бұл ретте TURGYNDAR AMANATY жобасы тәжірибе алмасу, өзекті мәселелерді талқылау және тиімді шешімдер қабылдау үшін маңызды мүмкіндік», – деді ол.

Бұл ретте, Мжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұрсұлтан Байтілесов Түркістан облысы еліміздегі қарқынды дамып жатқан өңірлердің бірі екенін айтып, өңірде ауыл шаруашылығы саласында, инфрақұрылымды жаңғырту ісінде, әлеуметтік салада жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанына тоқталды.

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының саяси тірегі ретінде барлық бастаманы өңірлерде ойлағандай іске асыруға, халыққа түсіндіру және ашық талқылау жұмысын жүргізуге ерекше мән беріп келеді. Бұл – қабылданған шешімдердің нақты нәтиже көрсетуінің маңызды шарты. Осы ретте, ел Президенті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жаңғыртуды стратегиялық басымдық ретінде айқындады. Инфрақұрылымды басқаруды тиімді, ашық әрі жауапты жүйесін қалыптастыру жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Осы міндеттер «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңы аясында жүйелі жүзеге асырылуда. Аталған заң 2025 жылы 15 шілдеде қабылданды, 15 қыркүйектен бастап күшіне енді», – деді ол.

Депутаттың айтуынша, бұл өзгерістер тұрғын үйді басқару жүйесіндегі ережелерді түбегейлі жаңартып, жаңа талаптар мен жауапкершілік деңгейін қалыптастырды. Бұл тек салалық реформа емес, бұл – әр азаматтың өмір сапасына тікелей әсер ететін жүйелі өзгеріс. Оның пікірінше, елімізде тұрғын үй ауласын абаттандыру, коммуналдық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, қауіпсіздік деңгейін күшейту және шаруашылық басқаруды жетілдіру бағытында кешенді жұмыстар қолға алынуда. Алайда бұл бастамалар тек инфрақұрылымды жақсарту ісімен шектелмеуге тиіс. Олар тұрғындардың өз ортасына деген жауапкершілігін, қоғамдық белсенділігін арттыруға негіз болуы маңызды.

Бұл кездесу ең алдымен кәсіби тұрғыда тәжірибе алмасуға, өзекті мәселелерді ашық талқылауға, тұрғындардың сұранысын ескере отырып, басқару сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Семинар-форум сұрақ-жауап форматында жалғасып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен тұрғын үйлерді басқару саласында кездесетін нақты проблемалар жан-жақты қаралды. Жергілікті тұрғын үйлерді басқарушы компаниялардың өкілдері, МИБ төрағалары, сала мамандары мен тәуелсіз сарапшылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, тың шешімдері мен ұтымды ұсыныстарын ортаға салды.

Жиында сервистік мекемелердің қызмет тарифін қайта қарау, мүлік иелері бірлестіктеріне қатысты салық жеңілдіктерін ұсыну, тұрғын үй басқарушы компаниялар жетекшілерінің біліктілігін арттыру, өзара тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау мәселелері бойынша түрлі сауал қойылды. Тұрғын үй жалдап тұратын азаматтар жалпыға бірдей тәртіп негізінде мүлік иелері бірлестіктеріне жарна төлеуі қажет екені айтылды. Тұрғын үйді басқару мәселелеріне қатысты ұсыныстар ұсыныстарын ортаға салды.

Жиында сервистік мекемелердің қызмет тарифін қайта қарау, мүлік иелері бірлестіктеріне қатысты салық жеңілдіктерін ұсыну, тұрғын үй басқарушы компаниялар жетекшілерінің біліктілігін арттыру, өзара тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау мәселелері бойынша түрлі сауал қойылды. Тұрғын үй жалдап тұратын азаматтар жалпыға бірдей тәртіп негізінде мүлік иелері бірлестіктеріне жарна төлеуі қажет екені айтылды. Тұрғын үйді басқару мәселелеріне қатысты ұсыныстар ұсыныстарын ортаға салды.

Осылайша, бұл диалог алаңы тұрғындардың талап-тілегі мен ұсыныстарын тыңдауға, сенімді нығайтуға мүмкіндік берді. Айта кетейік, осы облыстағы көпқабатты тұрғын үйлер, негізінен, Түркістан, Арыс, Кентау, Ленгір, Жетісай, Сарыағаш қалалары мен аудан орталықтары салалатын ірі елді мекендерде шоғырланған. Партияның Түркістан облыстық филиалына 2025 жылы 15 687 арыз-өтініш келіп түссе, соның 6 314-і немесе барлық өтініштің 40,2 пайызы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселесіне қатысты болды. 2026 жылы 1 тоқсанда облыстық партия филиалы 3 310 арыз-шағымды назарға алды. Оның 1 437-сі немесе барлық өтініштің 43,4 пайызы тұрғын үй қатынастары саласына қатысты болып отыр. Сондықтан осы семинар-форум мазмұнды әрі пайдалы алаңға айналып, бұл бағыттағы жұмысты жүйелеуге, түйткілді мәселелерді тиімді шешу жолдарын қарастыруға нақты мүмкіндік берді.

## ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

9 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Лудоманиямен күрес бағытында біраз іс тындырылды. Тікелей Президенттің тапсырмасымен заңнама қайта қаралып, жауапкершілік жүгі ауырлады. Бұған дейін Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жекеге санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған-тын. Енді адамдар eGov mobile қосымшасында құмар ойындар мен бәс тігуге қатысуға өзіне өзі шектеу қоя алады. Бірақ тамыры тереңге кеткен, сананы меңдеген қоғамдық кеселмен күресті әлі де жетілдіре түсу – заман талабы.

**А Елдос СЕНБАЙ**

Лудомания – бүгінгі қоғамды ішінен ірітетін, рухани тірегін шірітетін дерт. Осыдан екі жыл бұрын сарапшылар елдегі құмар ойынға тәуелді азаматтардың санын 350 мыңнан асады деп көрсетсе, бүгінде олардың қарасы жарты миллионнан асып жығылатыны жиі айтыла бастады. Айналырған 20 миллион ғана халқы бар мемлекет үшін бұл – алаңдатарлық, тіпті үрей туғызарлық көрсеткіш. Мемлекет басшысы мән бергеннен кейін бұл мәселе мемлекеттік деңгейде, жүйелі түрде қарастырыла бастады. Құмар ойының ақыры – отбасы шаңырағының күйреуі, қылмыстың белең алуы, азаматтардың қарыз құрдымына құлауы. Бұл – тек жеке адамның қасіреті емес, ұлттық қауіпсіздікке тікелей нұқсан келтіретін, ел болашағына балта шабатын, демографиялық һәм моральдық дағдарысқа бастайтын қауіпті құбылыс.

Бір басын шапса, орнына бірнешеуі өсіп шыға келетін аңыздағы аждаһаны елестететін бұл кесепатпен күресте құзырлы органдардың қол жеткізген ірі нәтижелерінің бірі 2024 жылмен байланысты. Сол жылдың 13 қаңтарында ПМ мен ҰҚК «ірі онлайн-казино желісінің жолын кескенін» ақпарат құралдарына ресми жариялады. Әңгіме ел аумағына кеңінен таралған Loto Club атауымен белгілі ойын мекемелері мен терминалдарының ауқымды желісі туралы болатын.

«Сонғы жылдары елде лудомания, құмар ойындарға патологиялық тәуелділік белең алды. Азартқа берілудің соңы әлеуметтік-материалдық құндылықтардың төмендеуіне, тіпті қылмыс жасауға түрткі болуы мүмкін. Ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда құмар ойындарына салынған 350 мыңдай адам бар. Әрқайсысының орташа қарызы шамамен 10 млн теңгені құрайды. Ақша тігіп, тоқтай алмаудың салдары ерлі-зайыптылардың ажырасуына, құмар ойынға құнықандардың өзіне қол салуына әкеп соғады. Сондықтан бұл мәселе бүгінде өзекті және мемлекет назарында. Осыған орай 13 қаңтарда Бас прокуратураның үйлестіруімен ПМ және ҰҚК лотерея клубтарының атымен жұмыс істейтін заңсыз онлайн-казинолардың ірі желісін жойды», – деп жазылған ПМ-нің

## ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚАУІПТІ ТҰЗАҒЫ



2024 жылғы қаңтардағы хабарламасында.

Ең ауқымды бірлескен арнайы операцияны жүргізуге Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 3 мыңнан астам қызметкері жұмылдырылды.

«Жедел әзірлеме орбитасында криминалитет өкілдері де болды: олар ойын мекемелеріне қылмыстық ықпал еткен, қамқорлығына алған, сондай-ақ лото клуб қызметкерлері мен клиенттеріне қатысты қылмыстар жасаған. Заңсыз ойын қызметінен басқа, VIP-клиенттерге интимдік қызметтер ұсынылған. Женгетайлық және есірткі заттарын пайдалану фактілері тіркелді. Арнайы операция барысында полицияға 400-ден астам адам жеткізілді. Негізгі қылмыстық схеманы ұйымдастырған 8 адам, оның ішінде алыс жерге жакын шетел азаматтары ұсталды», – деді ҚР ІІМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің өкілі Қуандық Алпыс.

Республика бойынша лото-клубтарға 570 тінту жүргізілді. 23 атыс қаруы, 247 млн теңге, 55 млн рубль, 125 мың доллар, компьютерлік техника, мобильді құрылғылар, басқа да заттай дәлелдемелер тәркіленді. Жалпы саны 326 лото-клуб қызметі тоқтатылды. Өйткені олар клиенттеріне Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынған шетелдік онлайн-казино қызметтерін де көрсетіп келген. Тиісті серверлер анықталып, бұғатталды.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында бір ғана өңірдің лото-клубтарының ай сайынғы жиынтық табысы орта есеппен 300 млн теңгені құрайтыны анықталды, елдің барлық өңірінде шамамен 6 млрд теңгені құраған. Ақшаның 70%-дайы шетелге шығарылған. Ұйымдастырушылардың біреуінің ғана банктік шотына ай сайын шамамен 900 млн теңге түсіп тұрған. Тергеу ІІМ Тергеу департаменті Қылмыстық кодекстің бірнеше баптары бойынша жүргізіліп жатыр. Басқа мәліметтер жариялауға жатпайды», – деп мәлімдеді сонда ПМ.

Алайда оқиғаның соңы қоғам күткендей болмады. Ақпарат құралдары жазғандай,

2024 жылдың қыркүйегінде Ішкі істер министрлігі жарты жылдан астам уақытқа созылған тергеу барысында компания жұмысынан ешқандай заңсыздық таппағанын мәлімдеді. Қылмыстық құрамның болмауына байланысты қылмыстық іс жабылды.

### ҚҰМАРХАНА «АНТИКАФЕ» ТЕРІСІН ЖАМЫЛҒАН БА?

Әрине, құмар ойындарға тағдырын байлағандардың қатары сиреген жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын қоғамдық індеттің ауқымы кеңейіп, тамыры тереңдей түскендей әсер қалдырады. Екі жыл бұрын жүргізілген соңғы әлеуметтік сауалнама деректеріне сүйенсек, қазақстандықтардың 3,8%-ы жүйелі түрде лотерея ойнаса, 3,9%-ы букмекерлік кенселерде бәс тігеді екен. Бұл шамамен 800 мыңдай адам.

Бұған қоса, былтыр «Еуразия бірінші арнасы» арнайы зерттеу жүргізіп, көпін көкейіндегі күмәнді сейілтпей, қайта үдете түскен деректерді жария етті: бұрынғы лото-клубтардың ғимараттарында «антикафе» атауымен жана нысандар ашылып, сол орындарда адамдардың қайтадан құмар ойындарға ақша тігіп жүргені анықталған.

Зерттеу барысында мұндай орындардың бір бөлігі «Ллофт Парк» деп аталатын компанияға тиесілі екені белгілі болды. Ұйымның ресми сайтында оның «Қазақстандағы №1 антикафе желісі» екені, келушілерге қалаған ойын-сауық түрлерін ұсынатыны жазылған. Сонымен қатар «байланыс қызметіне ақы төлеу, электронды өмияндарды толықтыру, қолма-қол ақша алу» сынды қызметтерді көрсететіні ашық айтылған. Сырт қарағанда, бұл – кәдімгі демалыс орны. Алайда ішкі мазмұнына үңілген жанға оның астары күмән тудырады.

«2024 жылғы жана түзетулер лото-клубтардың жұмысына тосқауыл қойды. Әйткенмен, біз анықтанбағандықтан, дәл сол ғимараттарда енді басқа атаумен жана мекемелер ашылып, адамдар құмар ойын-

дарына ақша жұмсауды жалғастырып жатыр. Бүгінде Қазақстанның көптеген қаласында «антикафе» аталатын қоғамдық орындарды табуға болады. Арасында «Ллофт Парк» желісі бір төбе. Тек Астананың өзінде жиырма шақты филиалы бар, олар негізінен тұрғын үйлерде және бұрынғы лото-клубтарда орналасқан», – деді журналист Лияс Рамазанов.

Басқарушы компания өкілдерімен байланыс орнату мүмкін болмаған соң, І.Рамазанов «Ллофт Парктердің» біріне қарапайым клиент ретінде бас сұғалды. Оның сипаттауынша, бұл антикафеде кәдімгі казиноға тән айла-тәсілдер қолданылған: іші көмексі жарық, уақыт ұғымынан айыратын тұйық кеңістік – таң ба, кеш пе, ажырату қиын. Залда терезе атаулы жоқ. Лото-клубтардан айырмашылығы – ойын түрлері өзгерген. Олардың саны бесеу ғана: барлығы лотереяға көбірек ұқсас.

Журналистердің сұрағына жауап берген «Сәтті Жұлдыз» өкілдері «лофтпарктер» қазақстандықтарда лудоманияның дамуына әсер етпейді деп санайтынын мәлімдеді. Сонымен бірге атаған антикафелердің ұлттық лотерея операторына тікелей қатысы жоғын атап өтті. Ал Қазақстанда құмар ойындары саласын реттеуге жауапты Туризм және спорт министрлігі бұл құбылыстан хабардар болып шықты.

«Қазір республика бойынша «Ллофт Парк» деп аталатын 200-ден көп мекеме жұмыс істейді. Олар компьютерлер арқылы электрондық тираждық лотереяларға қатысу үшін клиенттеріне «Сәтті Жұлдыз» операторының сайтына кіруіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ оларда электрондық лездік лотереяға қатысу үшін лотерея операторының интернет-ресурсына қолжетімділікті ұсынатын «Тивин» атты төлем ұйымының терминалдары бар. Бұл терминалдардың нақты саны бізге белгісіз», – деп хабарлады министрлік.

Ведомствоның түсіндіруінше, тираждық лотереялардың жүзде қоры антикафелерде тәулік бойы ойнатылады. Яғни, ойынқұмар адам үшін уақыт текшеуі жоқ: түн ортасында да, таң сәріде де еркін кіріп, тәуелкеге бел буа алады. Ең бастысы, қалтасында қаржысы болса жеткілікті.

### ШЕКТЕУСІЗ ЛОТЕРЕЯ БАҚЫЛАУСЫЗ

Туризм және спорт министрлігі қалыптасқан олқылықтың орнын толтыруға талпынып жатыр. 2026 жылдың қаңтарында ведомство «Кейбір заңнамалық актілерге құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын әзірлеп, оны қоғамдық талқылауға шығарды. Айта кетерлігі, соның алдында ғана Парламент «Кейбір заңнамалық актілерге құқық бұзушылық профилактикасы және ҚР заңнамасының жекеге лотереяларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қабылдап, ол 2025 жылғы 30 желтоқсанда өмірге жолдама алды. Онда да лотерея саласына қатысты түзетулер бар.

Алайда оның 913-бабы тек «лотереяларды, құмар ойындарды және бас тігуді өткізу ерекшеліктерін» реттейді, сондай-ақ операторды «ұтты деп танылатын адамдарға ұтысты төлеуге» міндеттейді. Ал қоғамды алаңдатқан лудомания дертіне

нақты тосқын қоятын шектеу немесе тыйым салу сипатындағы пәрменді тетіктер бұл құжатта көрініс таппаған.

Сондықтан министрлік жана заң жобасында әрбір адамға – бір қолға сатылатын лездік лотерея санын шектеуге бел буып отыр. Бұл неге маңызды? Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті басқармасының сарапшысы Әзіз Қазтұрғановтың түсіндіруінше, қолданыстағы «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» заңында бір қатысушыға сатуға болатын электрондық лездік лотерея билеттерінің шекті санын реттейтін норма жоқ. Мұндай жағдай бірқатар жөнсіздікке жол ашты.

«Ең алдымен, шектен тыс қатысудың алдын алатын тетігі жоқ. Соның салдарынан, бұл түрлі проблеманы өршілеу, азаматтардың әлеуметтік мінез-құлқының өзгеруіне, соның ішінде лудоманияның дамуына ықпал етуі мүмкін. Электрондық лездік лотереялар ұтыс ойынының жоғары жылдамдығымен, бұқараға қолжетімділігімен және қатысудың импульсивтілігімен ерекшеленеді. Бұл бір қатысушының қысқа мерзімде билеттердің барынша көп санын бақылаусыз сатып алуы қауіпін тудырады», – деді сарапшы.

Шынында да, лотерея сату нүктелерінде қорғаныштық скретч-қабатты өшіре сала, ұтпағанын біліп, келесісін сатып алуға ұтылған адамдарды кездестіруге болады. Сатушылардың айтуынша, олар жақалы алғанда, тіпті қолына кез келген ақша түскенде, осы пунктке жүгіреді: «Бүгін менің бақытты күнім, ұтатын күнім!» деген үмітпен бар қаржысын сарқып бітпейтінше тоқтай алмайды. Бұл – тәуелділіктің жанға батар көрінісі.

Сондықтан ведомствоның тұжырымдауында, лотереяларды өткізу қағидаларында «белгілі бір уақыт кезеңінде бір адамға сатылуы мүмкін лездік лотерея билеттерінің санына қойылатын шектеулімит» белгіленуі тиіс. Бұл үшін заң жүзінде Туризм және спорт министрлігіне тиісті құзыр берілуі қажет.

Құжат қабылданар болса, онда қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 445-1-бабы лотерея билеттерін, электрондық лотерея билеттерін тарату және өткізу, лотерея терминалдарын орнату бойынша талаптарды лотерея операторының бұзуы бөлігінде жана 4-1 және 5-1-тармақтарымен толығырақ. Бұл талаптарды бұзғаны үшін «Сәтті Жұлдыз» жекеменшік компаниясы немесе оның агенттері жауапқа тартылатын болады.

Заң жобасында мұндай жағдайда жеке тұлғаларға – 100 АЕК (2026 жылы – 432 500 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 АЕК (1 297 500 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 500 АЕК (2 162 500 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 1 000 АЕК (4 325 000 теңге) мөлшерінде айыппұл салу ұсынылған. Бірақ айыппұлдың ақырғы сомасын бекіту тек Парламенттің құзырында. Мұның сыртында тәжірибе көрсеткендей, Президент «басымдықты» деп жарияламаған заң жобаларының қабылдану кезеңі орта есеппен 1,5 жылдан асып жатады. Осыны ескерсек, бұл бастаманы талқылау кезеңі біразға ұзап, түпкілікті шешім тарих қойнауына кетіп бара жатқан Мәжіліс пен Сенатта емес, жана Құрылтайдың алаңында ғана пысықталатынға ұқсайды.

## ДАМУ

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ ЖОЛ АШАТЫН МҮМКІНДІК

2025 жылдың қорытындысында Қазақстан жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемі бойынша Қытайдан жоғары көрсеткішке шықты. Халықаралық валюта қорының дерегіне сүйенсек, бұл көрсеткіш Қазақстанда 14 723 доллар болса, Қытайда 13 806 доллар деңгейінде қалыптасқан. Бұл айырмашылық ауқымды емес, бірақ ел экономикасының қазіргі жағдайын сипаттайды.

**А Кәмила ДҮЙСЕН**

Жан басына шаққандағы ЖІӨ – елдегі жалпы өндірілген өнімді халық санына бөліп есептейтін көрсеткіш. Ол экономиканың көлемін ғана емес, сонымен бірге орташа табыс деңгейінің шамамен қандай екенін де көрсетеді. Қазақстанның бұл деңгейге шығуына бірнеше фактор әсер еткен. Соңғы жылдары ел экономикасының жалпы көлемі ұлғайып, 2025 жылы номиналды ЖІӨ шамамен 300 миллиард доллардан асқан. Бұл Қазақстанды әлем елдері арасында алғашқы елу елдің қатарына енгізді. Экономикалық өсімнің негізгі бөлігі дәстүрлі салаларға – мұнай-газ, металлургия және шикізат секторына тиесілі болып қала береді.

Сонымен қатар соңғы кезеңде өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыруға бағытталған жобалар іске асып жатыр. Өндірісте қосылған құны жоғары өнім шығару туралы бастамалар жиі айтылып, бірқатар өндірістер кеңейтілді. Бұл үрдіс әлі бастапқы кезеңде болғанымен, экономиканың құрылымындағы өзгерістердің бар екенін көрсетеді.

Инвестициялық белсенділік те осы көрсеткішке ықпал ететін фактордың бірі ретінде аталады. Қазақстанға шетелдік инвестиция тарту көлемі соңғы жылдары

сақталып келеді. Инвестициялық келісімдер, өндірістік жобалар және инфрақұрылымдық бастамалар экономикадағы жалпы белсенділікті арттыруға әсер еткен.

Макроэкономикалық көрсеткіштерге келсек, белгілі бір тұрақтылық сақталғанын көреміз. Инфляция деңгейі бақылауда, ұлттық валюта бағамы айтарлықтай күрт өзгерістерге ұшыраған жоқ, ал бюджет саясаты салыстырмалы түрде теңгерімді сипатта қалып отыр. Бұл факторлар халықаралық ұйымдардың бағалауында экономикалық жағдайдың тұрақты екенін көрсететін элементтер ретінде қарастырылады.

ТМД елдері арасында жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші бойынша Қазақстан Ресейден кейінгі екінші орында тұр. Ресейде бұл көрсеткіш 17,45 мың долларды құрайды. Қазақстаннан кейінгі орындарда Беларусь, Армения, Өзбекстан орналасқан. Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан көрсеткіші бойынша алда, ал Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанда бұл деңгей айтарлықтай төмен.

Әлемдік деңгейде жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша алдыңғы қатарда шағын, бірақ жоғары табысты елдер тұр. Монако, Лихтенштейн, Люксембург сияқты мемлекеттерде бұл көрсеткіш оңаған, тіпті жүздеген мың доллармен өлшенеді. Ал ең төмен

көрсеткіштер бірқатар кедей елдерде бірнеше жүз доллар шамасында ғана.

Қазақстан мен Қытай көрсеткіштерін салыстыру кезінде халық санының айырмашылығы да ескеріледі. Қытайда халық саны 1,4 миллиардтан асады, сондықтан жалпы экономика көлемі өте үлкен болғанымен, жан басына шаққандағы көрсеткіш салыстырмалы түрде төменірек. Қазақстанда халық саны әлдеқайда аз, ал табиғи ресурстар көлемі жоғары, бұл көрсеткішке тікелей әсер етеді.

«Бізге, әсіресе әлеуметтік желілерде бәрі нашар, дағдарыс күшейіп бара жатыр деген көңіл күй басым. Бірақ шын мәнінде, көпшілік бұрын қандай жағдай болғанын еске алғысы келмейді әрі осы уақыт ішінде болған өсімді байқамай отыр», – дейді тәуелсіз қаржы сарапшысы Андрей Чеботарев.

Дегенмен Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ алдағы жылдары да өсім көрсетуі мүмкін. 2026 жылы бұл көрсеткіш 15 мың доллардан асуы ықтимал деген болжам бар. Бұл динамика экономикалық өсімнің жалғасып жатқанын көрсетеді.

Бұл көрсеткіштердің артуын тек өндіріс көлемінен немесе экспортпен ғана түсіндіру жеткіліксіз. Жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуі мемлекет шығыстарының қурылымымен де тікелей байланысты. Соның ішінде әлеуметтік бағыттағы шығындардың үлесі айтарлықтай жоғары.

Экономист Энел Дәулетқалиеваның айтуынша, Қазақстан көрші елдермен салыстырғанда әлеуметтік көмекке көбірек қаржы бөледі. «Қазақстан әлеуметтік көмекке көрші елдерден әлдеқайда көп

### ЖІӨ жан басына шаққанда ТМД елдері бойынша (ХВҚ деректері, 2025 жыл)

|            |              |
|------------|--------------|
| Ресей      | 17,45 мың \$ |
| Қазақстан  | 14,72 мың \$ |
| Беларусь   | 9,44 мың \$  |
| Армения    | 8,9 мың \$   |
| Өзбекстан  | 7,3 мың \$   |
| Өзбекстан  | 3,65 мың \$  |
| Қырғызстан | 2,79 мың \$  |
| Тәжікстан  | 1,64 мың \$  |



Елдер ЖІӨ (америкалық доллар)

қаржы жұмсайды. Елде халықтың түрлі өмірлік жағдайларға байланысты алатын қолдауы кең әрі бөлінетін қаражат көлемі де айтарлықтай жоғары», – дейді ол.

Мемлекеттік қолдау тетіктері негізінен ұқсас: бала туу, зейнетке шығу, мүгеделікті, асыраушысынан айырылу немесе жұмыс іздеу сияқты жағдайларда азаматтар әлеуметтік төлемдерге үміт арта алады. Бірақ әр елдегі көлемі мен тәсілі бірдей емес.

Мысалы, зейнетақы мөлшерін салыстырсақ, Қазақстандағы орташа төлем 157 843 теңгені құрайды. Ал Қырғызстанда бұл көрсеткіш 60 мың теңге шамасында, Өзбекстанда – 61 мың теңге, Тәжікстанда 22 мың теңгеден сәл асады. Айырмашылық бірнеше есе.

Сол сияқты жүктілік пен босануға байланысты төлемдер де Қазақстанда жоғары. Егер Қырғызстанда бұл шамамен 43 мың теңге болса, Өзбекстанда – 34 мың, Тәжікстанда – 11 мың теңге көлемінде. Қазақстанда бір төлем 164 мың теңгеден бастап, 1 миллион теңгеден асатын деңгейге дейін жетеді.

Әлеуметтік шығындар тек жәрдемақылармен шектелмейді. Мысалы, жолдаушылар тасымалын субсидиялау да бюджетке түсе-

тін салмақтың бір бөлігі. 2026 жылы Астанада әлеуметтік маңызы бар бағыттардың субсидиялауға 62,34 миллиард теңге қарастырылған. Алматыда бұл сома 107,6 миллиард теңгеге жетеді, оның ішінде метро мен қоғамдық көліктің басқа түрлері бар.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджеттер арқылы коммуналдық тарифтердің өсуіне байланысты өтемақы төлеу, түрлі әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру сияқты шығындар жүзеге асырылады. Яғни, мемлекет азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін бағыттарға тұрақты түрде қаржы бөліп отыр.

Осы шығындардың барлығы экономикалық көрсеткіштерге жанама түрде ықпал етеді. Бір жағынан, әлеуметтік төлемдер халықтың табысын қолдап, ішкі сұранысты ұстап тұруға әсер етеді. Екінші жағынан, бюджет шығыстарының жоғары болуы экономиканың жалпы құрылымына да ықпал етеді.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуі мен әлеуметтік саясаттың ауқымы қатар жүріп отыр. Бұл байланыс экономикалық өсімнің тек өндірістік көрсеткіштермен ғана емес, мемлекеттік қайта бөлу тетіктерімен де байланысты екенін көрсетеді.

# ӘЛЕУМЕТ

9 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінге дейін демографиялық дамудың бірнеше сатысынан өтті. Алғашқы жылдары нарықтық экономикаға көшудің қиындықтары, халықтың өмір сүру деңгейінің нашарлауы, мемлекет тарапынан жасалатын жәрдемнің күрт төмендеуі секілді түрлі мәселелер болды. Дегенмен кейін ел халқы өсіп, 20 миллиондық межеден астық.

0,23 пайызға төмендеген, — деді демограф.

Оның айтуынша, жалпы ұлттық деңгейде халық санының өсу қарқыны 1%-ға дейін төмендеген, бұл демографиялық дамудың орташа үрдісіне көшуді көрсетеді. Алайда Аяулым Сағынбаева 2026 жылғы 1 наурызындағы жағдай бойынша халық саны 20 532 240 адамға жетіп, жыл басымен салыстырғанда 0,2%-ға немесе 32 400 адамға өскенін айтты. Оның айтуынша, 2026 жылдың басында халық саны 20 499 822 адамды құраса, жылдық өсу қарқыны 216 423 адамды құраған. Бұл ел бойынша оң демографиялық тепе-теңдіктің сақталуын көрсеткенімен, аймақтар бойынша оның үлесі біркелкі емес.

Ресми ақпарат көздеріндегі дерек бойынша, 2025 жылы туудың ең жоғары коэффициенті Түркістан (1000 тұрғынға 22,22 адам), Маңғыстау (21,40) облыстарында және Шымкент қаласында (21,76) тіркелді. Туу көр-



және туу көрсеткішіне кері әсер етеді. Сондай-ақ елдегі көші-қон және өлім-жітімнің салдары да халық санының азаюына әкеледі. Демограф-мамандар 2025 жылдың соңына қарай өлім саны 134 700 адамды құрағанын айтады. Олардың есебінше, былтыр жалпы өлім-жітім деңгейі 1000 адамға шаққанда 6,61-ді құрап, 2024 жылмен салыстырғанда, қайтыс болғандар саны өскен. Бұл да халықтың демографиялық ахуалын айтарлықтай өзгертеді десек, өмірлерден халықтың қалаға қарай ағылу процесі де туу көрсеткішінің төмендеуі проблемасын тудырып отыр. Мәселен, кейінгі бес жылда облыстарда халық санының азаю процесі қарқын алып барады. Демографтарды, әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысы ерекше алаңдатып отыр. Бұл өңірде дүниеге келген нәрестелер санына қарағанда қайтыс болғандар саны артқан, бұған қоса облысқа көшіп келетіндер азайып, басқа жаққа қоныс аударатындар көбейген.

— Солтүстік Қазақстан облысында табиғи кему бірнеше жылдан бері жалғасып келеді. Осыған ұқсас жағдай

## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

### ХАЛЫҚ САНЫ ҚАЛАЙ КҮБЫЛДЫ?

Сарапшылар еліміздің демографиялық даму кезеңін үшке бөліп қарастырады. Алдымен ұзақ уақытқа созылған экономикалық дағдарыс пен кейінгі жаңғырту реформалармен сипатталған кезең — 1991–1999 жылдар аралығы. Бұл кезде халық саны 1,3 миллион адамға азайған. Себебі елде эмиграция үрдісі қатты жүріп, жалпы жұрттың 2,6 миллионнан астамы шетелге көшіп кетті. Көші-қон сальдосы теріс 1,8 миллион адамды құрады. Сондай-ақ туу көрсеткіші 38,5%-ға төмендеп, өлім-жітім көрсеткіші керісінше 9,7%-ға артты. Осылайша, табиғи өсім 1991 жылғы 218,8 мыңнан 1999 жылғы 72 мың адамға дейін азайды. Елдің өмір сүру ұзақтығы де кері кетіп, орташа есеппен 3 жылға қысқарды. 1990 жылы орташа өмір сүру ұзақтығы 68,7 болса, 1999 жылы 65,7 жасты құрады. Бөлек алғанда, ерлердің жасы — 3,3 жылға, әйелдер жасы 2,2 жылға қысқарды. Кейін жағдай бірте-бірте жақсарды.

Дегенмен Ұлттық статистика бюросының есебінше, 2026 жылғы 1 ақпанда ел тұрғындары 20 518 005 адамға жетті. Қазір халықтың 13 миллионнан астамы қалаларда тұрса, шамамен 7,5 миллионы ауылдық елді мекендерде өмір сүріп жатыр. Сарапшылардың пікірінше, елімізде туу көрсеткішінің шарықтау шегі 2021 жылға тұспа-тұс келді. Сол жылы республика бойынша 445 875 сәби дүниеге есігін ашып, тарихи рекорд орнатылған екен.

### ТУУ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕНДЕДІ

Алайда содан бергі төрт жыл ішінде демографиялық ахуал кері кете бастаған. Яғни, кейінгі бес жылда туу көрсеткіші 25%-ға кеміді. Ресми дерек бойынша, 2025 жылдың қорытынды көрсеткіші (335 005 сәби) 2021 жылғы жоғары деңгеймен салыстырғанда 24,8%-ға немесе 110 870 балаға азайған. Мәселен, елдегі жалпы туу көрсеткішінің әр жылдарға шаққанда 2021 жылы 446 мың нәресте туса, 2022 жылы — 404 мың, 2023 жылы — 388 мың, ал 2024 жылы — 366 мың, 2025 жыл 335 мың сәби дүниеге келген. Бұл — соңғы 15 жылдағы ең төменгі көрсеткіш саналып отыр.

Эксперт-демограф, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі жанындағы демографиялық процестерді талдау орталығының

# ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КІДІРІС:

# ӘСІМ

## ТӨМЕНДЕП БАРАДЫ

сеткішінің негізгі үлесі 25–29 жас аралығындағы әйелдерге — 27%, сондай-ақ 30–34 жас аралығындағы әйелдерге — 26,1% тиесілі. Былтыр 20 жасқа дейінгі қыздар — 10,4 мың баланы, ал 50 жастан асқан әйелдер 148 баланы дүниеге әкелген. 20 жасқа дейін босанған аналардың саны Түркістан облысында бала дүниеге келген. 50 жастан асып дүниеге нәресте әкелген аналар саны Алматы қаласында көп.

### РЕПРОДУКТИВТІ ЖАСТАҒЫ ӘЙЕЛДЕР САНЫ АЗАЙҒАН

2025 жылы дүниеге сәби әкелген ананың орташа жасы 29,9 жас болса, алғаш рет босанған аналардың жасы — 25,3 жас. Былтыр туған балалардың 24% (79,8 мың бала) отбасының тұңғышы атанса, кезек саны бойынша отбасында төртінші болып 53,5 мыңнан астам бала дүниеге келген. Сондай-ақ былтыр 3 430 егіз дүниеге есігін ашса, үшемдер саны — 26.

Дегенмен 2025 жылы «демографиялық донор» саналатын аймақтарда да бала туу көрсеткіші төмендеген. Мәселен, былтыр Түркістан облысында 47 813 сәби дүниеге есігін ашып, республикадағы барлық туған балалардың

ең жас буыны белсенді репродуктивті жасқа (25–29 жас) енді аяқ басты. 2026 жылдың басында 25–29 жастағы әйелдер саны 558 400 ғана болса, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басында 736 600 болған еді. Кейінгі 5–6 жыл ішінде жас қорғасының айтарлықтай азаюы туу деңгейіне және тиісінше, жалпы демографиялық көрсеткіштерге тікелей әсер етеді. Яғни, репродуктивті жасқа енді ғана толып жатқан жастар 1990 жылдардың ортасы мен 2000 жылдардың басындағы дүниеге келген балалар екенін ескерсек, сол жылдардағы демографиялық ахуал да мазмұн емес еді. Нақтырақ айтсақ, 1999 жылы елдегі жалпы туу көрсеткіші ең төменгі деңгейде тіркеліп, 1,8 болғанын ұмытпауымыз керек. Осылайша, сол кездегі төменгі туу көрсеткіші бүгінгі репродуктивті жасқа жеткен аз ғана ұрпақтың шоғырын қалыптастырып отыр, — деді маман.

### ЖАСТАР БАЛА СҮЮГЕ АСЫҚПАЙДЫ

Сарапшылар демографиялық сахуалдың өзгеруіне көбіне әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар,

тұрақтылыққа жетуді қалайды. Отбасы құруды кейінге қалдыру — олардың отбасыдан бас тартуы емес, жана өмір ырғағының әсері», — дейді сарапшы Арна Дүйсенова.

Сонымен қатар Қазақстанның демографиялық әлеуетін әлі де жоғары деп бағалауға негіз бар. Статистика деректері бойынша, бүгінде елімізде 24 жасқа дейінгі жастар халықтың шамамен 35%-ын құрайды,

көршілес Қостанай облысында да байқалады. Өмір халқы табиғи кему, яғни өлім-жітім салдарынан да азайып жатыр. Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары да осының жақын шегінде тұр. Сондықтан бұл мәселе ерекше алаңдатушылық тудырады. Оның үстіне Қостанай, Павлодар, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары «қартайған» өңірлерге жатады. Республика бойынша 65 жасқан адамдардың пайыздық үлесі 9,2%-ға тең болса, ең жоғары көрсеткіш осы облыстарда тіркеліп отыр, — деді А.Сағынбаева.

2024 жылы Қазақстан халқы арасында жүргізілген зерттеу деректері бойынша азаматтардың 3,9%-ы балалы болғысы келмейді. Некелі отбасылар арасында 51,3%-ы балалы, бірақ олар тағы да балалы болуды жоспарламайды. Ал жас отбасылардың 11,3%-ы бір баламен шектелсе, 13%-ы екі бала болғанын қалайды, 9,1%-ы үш балалы болғысы келсе, 10,5%-ы төрт немесе одан да көпбалалы болуға ниетті.

Бір қызығы, қала тұрғындарының арасында бала сүюден мүлде бас тартатындар саны ауыл халқына

## 2021-2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТУУ КӨРСЕТКІШІ

|           |                 |
|-----------|-----------------|
| 2021 жылы | 446 мың нәресте |
| 2022 жылы | 404 мың нәресте |
| 2023 жылы | 388 мың нәресте |
| 2024 жылы | 366 мың нәресте |
| 2025 жыл  | 335 мың нәресте |



## 2025 ЖЫЛЫ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ЖАЛПЫ ТУУ КОЭФФИЦИЕНТІ (1000 ТҰРҒЫНҒА ШАҚҚАНДА)



## ТУУ КӨРСЕТКІШІНІҢ НЕГІЗГІ ҮЛЕСІ

|                                  |       |
|----------------------------------|-------|
| 25-29 жас аралығындағы әйелдерге | 27%   |
| 30-34 жас аралығындағы әйелдерге | 26,1% |

**Демограф мамандардың пікірінше, елдегі бала туу көрсеткішінің төмендеуінің логикалық себебі бар. Яғни, қазіргі жастар көбіне отбасын құруды кейінге қалдырады, алдымен білім алып, кәсіби тұрғыда қалыптасуға ұмтылады.**

жетекшісі Аяулым Сағынбаеваның сөзінше, халық санының өсу қарқыны біртіндеп баяулап келеді, бұл халықтың табиғи қозғалысындағы және миграциялық процестердегі өзгерістерге байланысты.

— Қазақстанда туу деңгейінің тұрақты төмендеуі кезеңі енді басталды. Біз 2020 жылдары туу деңгейінің төмендеуінің қазіргі кезеңіне кіреміз деп болжаған едік, бірақ пандемия жылдарында бала туу саны ешкім күтпеген көрсеткішке көбейді. Әдетте, пандемия немесе басқа да күйзеліс жылдары туу және неке деңгейі төмендейді, ал ажырасу деңгейі артады. Бірақ Қазақстанда керісінше процесс орын алды. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылы жалпы туу коэффициенті (ЖКК) репродуктивті жастағы бір әйелге 2,57 тууды құрап, алдыңғы жылдармен салыстырғанда

14,2%-ын құраған. Бірақ 2021 жылғы көрсеткішпен (65 002 бала) салыстырғанда, өңірдегі туу көрсеткіші 26,4%-ға азайған. Ал солтүстік және орталық өңірлерінде туу көрсеткіші ең төменгі деңгейде қалып отыр. Яғни, Солтүстік Қазақстан облысында 2025 жылы небәрі 4 653 бала туған. Бұл Түркістан облысының көрсеткішінен 10 есе аз. Сонымен қатар ең аз көрсеткіш жанадан құрылған Ұлытау облысында тіркелді — 3 560 сәби. Бұл аймақтың демографиялық әлеуетінің әлі де төмен екенін білдіреді.

Демограф мамандардың пікірінше, елдегі бала туу көрсеткішінің төмендеуінің логикалық себебі бар. Яғни, қазіргі жастар көбіне отбасын құруды кейінге қалдырады, алдымен білім алып, кәсіби тұрғыда қалыптасуға ұмтылады. «Жастар алдымен білім алып, кәсіби тұрғыда қалыптасып, қаржылық

бұл халықтың әлі де болса өсу қаби-летінің жоғары екенін білдіреді. Аяулым Сағынбаева қазіргі өзгерістерді орынсыз дабыл қағу себебі ретінде қабылдауға болмайды дейді. Өйткені туу деңгейінің байқалған төмендеуі көбінесе объективті демографиялық өзгерістерге байланысты.

— Бұл бірінші баланы дүниеге әкелу жасының ұлғаюымен және активті репродуктивті жастағы әйелдер санының азаюымен байланысты. Соңғы жылдары туудың жоғары деңгейін көбіне 1980 жылдары дүниеге келген әйелдер қамтамасыз етіп отыр және олардың репродуктивті кезеңі аяқталуға жақын. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары дүниеге келген әйелдердің

урбанизация және жастардың өмір салтының құбылуы, денсаулық мәселесі беруі мүмкін. Себебі елімізде алдағы катар халықтың картаюуы да елдегі туу көрсеткішінің төмендеуіне ықпал етеді дейді.

БҰҰ-ның болжамды деректеріне сәйкес, алдағы он жылда Қазақстандағы туу көрсеткіші одан әрі төмендей беруі мүмкін. Себебі елімізде алдағы бірнеше онжылдықта 65 жастан асқан халық саны айтарлықтай өсіп, 2050 жылға қарай 2,2 есеге артады деген болжам бар. Бұл ретте егде жастағы адамдар үлесінің ұлғаюы балалар үлесінің төмендеуімен қатар жүреді. 2050 жылға қарай балалар санының үлесі 29%-дан 23%-ға дейін төмендейді

қарағанда көбірек. Бала сүюден мүлде бас тартқандар қалада — 4,5%, ауылда — 3%.

Бала сүюге деген ниет немесе оны жоспарламаудан бөлек, туу көрсеткішіне физиологиялық мүмкіндіктер де айтарлықтай әсер ететінін алға тартады мамандар. Олардың айтуынша, туу көрсеткішінің төмендеуі себептерінің бірі — бедеулік диагнозы қойылған адамдар санының артуы. 2024 жылдың алғашқы алты айында осындай диагнозбен 29,1 мың әйел мен 102 ер адам есепте тұрды. Аталған сандар да еліміздегі демографиялық ахуалға кері әсер етіп, туу көрсеткіштерінің құлдырауына қосымша себеп болып отыр.

# ЖАҢА БУЫН ИНЖЕНЕРІ: БІЛІМ, ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазір техникалық білім беру мәселесі ел дамуының негізгі тетіктерінің біріне айналып отыр. Әлем күн сайын өзгеріп, жаңа технологиялар мен тың шешімдер алдыңғы қатарға шыққан сайын, инженерлік мамандықтардың маңызы арта түсуде. Дегенмен мәселе тек білім беру көлемінде емес, оның мазмұны мен мәнінде жатыр. Ең басты сұрақ – біз қандай инженерді тәрбиелеп жатырмыз? Уақыт талабы тек формулаларды меңгерген немесе технологияны қолдана білетін маманды ғана емес, кең ойлайтын, сараптай алатын, батыл шешім қабылдайтын, өз әрекетінің салдарын терең түсінетін әрі ел алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлғаны қажет етеді.

Осы биік талап үлесінен шығу жолында Сәтбаев университеті жаңа буын инженерлерін даярлауды өзінің басты стратегиялық бағыты ретінде айқындап отыр. Университет басшылығы әрбір студенттің тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарап, олардың сапалы білім алуына ғана емес, жан-жақты дамуына жағдай жасауды басты назарда ұстайды. Бүгінде оқу орнында 14 мыңнан астам студент білім алуда. Бұл әртүрлі әлеуметтік ортадан келген, түрлі мақсат пен арманды ұстанған жастардың үлкен қауымы. Осындай ауқымды студенттік ортада әр жасқа өзін дамытуға, қабілетін ашуға толық мүмкіндік жасалған.

Бұл жерде «білім аламын» деген жасқа мүмкіндік жеткілікті. Ең бастысы – талап, еңбек және мақсатқа деген айқын ұмтылыс. Осындай ортада білім алған жас өзінің болашағына сеніммен қарап қана қоймай, ата-анасының үмітін ақтайтын азамат болып қалыптасады.

Бүгінде білім мен тәрбие мәселесін бөліп қарау мүмкін емес. Университет қабырғасы тек кәсіби дағды беретін орын ғана емес, ол тұлға қалыптастыратын орта. Сондықтан мұнда тәрбие үдерісі оқу жүйесінің өзегіне айналған. «Заң және тәртіп», «Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты қағидалар студенттердің күнделікті өмірлік ұстанымына айналып келеді. Бұл – ұлы Абай негіздеген «толық адам» тұжырымдамасының бүгінгі замандағы жалғасы. Яғни, мақсат тек білімді маман дайындау емес, ар-ожданды, әділ, еңбексүйгіш, елге қызмет етуді парыз санайтын азамат қалыптастыру.

Тәрбие сөзбен емес, нақты әрекет арқылы жүзеге асады. Осы қағидалар берік ұстанған оқу орнында студенттер университет өмірінің белсенді мүшесіне айналған. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі соның айқын дәлелі. Жастар оқу орнының қоғамдық өміріне

араласып, маңызды шешімдер қабылдауға қатысып, бастама көтеріп, жауапкершілік алуды үйренеді. Бұл олардың тек кәсіби емес, азаматтық тұрғыдан да қалыптасуына жол ашатын маңызды тәжірибе.

Қазіргі университет ашық әрі серпінді дамитын орта. Сәтбаев университеті халықаралық білім кеңістігімен тығыз байланыс орнатып, студенттерге әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл тек академиялық ұтқырлық емес, бұл жаңа ойлау көзқары, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын орта. Әлемдік деңгейдегі білім мен тәжірибе қазақстандық жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың жаһандық деңгейде ойлауына ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде жастардың ғылымға, инновацияға және цифрлық технологияларға деген қызығушылығының артып келе жатқанын ерекше атап өткен болатын. Бұл ел болашағының жарқын екенінің нақты көрінісі. Ал сол жастардың әлеуетін толық ашу – білім беру ұйымдарының, оның ішінде университеттердің басты міндеті.

## ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТАЛАП

Бұл ұстаным ұлттық ғылыми дәстүрімізбен де сабақтас. Қаныш Сәтбаев жас геологтарға: «Кен білімді адам болу керек, тек өз мамандығының тар шеңберімен шектеліп қалма», – деген еді. Бүгін бұл қағида бұрынғыдан да өзекті. Қазіргі инженер тек өз саласын ғана емес, кеңінен ойлай алуға тиіс. Сонда ғана ол жаңа шешімдер таба алады.

2024-2029 жылдарға арналған инженерлік білім беруді дамыту тұжырымдамасында, Ғылым және жоғары білім министрлігінің жұмыс тобы әзірлеген құжатта, коммуникация, командалық жұмыс, көшбасшылық, сыни ойлау, жобаларды басқару, эмоционалдық



интеллект, этика мен кәсібилік секілді жұмсақ дағдыларды (Soft skills) дамытуға айрықша мән берілген. Өйткені дәл осы қабілеттер инженер мамандарға көпсалалы ортада еркін бағдар тауып, өз ісінің нағыз шебері ретінде қалыптасуына жол ашады.

Сондықтан бүгінгі университет – тек білім беретін орын ғана емес, ол – жас ұрпақтың болмысын қалыптастырып, тұлғалық дамуына бағыт беретін маңызды рухани орта.

Университет бұл тек білім беретін орын емес, бұл – мінез қалыптастыратын орта. Осы тұрғыда оқу орнында ашылған ArtLab шығармашылық кеңістігі ерекше рөл атқарады. ArtLab студенттердің креативті ойлауын дамытуға қана қоймай, олардың жаңа идея ұсыну, командада жұмыс істеу, заманауи коммуникация құралдарын тиімді пайдалану қабілеттерін қалыптастырады. Мұнда түрлі жобалар, көрмелер, эксперименттік бастамалар жүзеге асырылып, студенттердің шығармашылық әлеуеті нақты нәтижеге айналады.

Сонымен қатар университетте жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалар мен стартаптар жастарды нақты нәтижеге жұмыс істеуге үйретеді. Өндірістік тәжірибе кәсіби жауапкершілікті қалыптастырып, теориялық білімді практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Ал Ақсақалдар алқасы – тәрбие жүйесінің маңызды бөлігі. Аға буынның тәжірибесі

мен өмірлік ұстанымы жастарға бағыт береді. Бұл – сабақтастық, бұл – рухани тірек, бұл – ұрпақтар арасындағы алтын көпір.

## ҚАМҚОРЛЫҚ – МҮМКІНДІККЕ ЖОЛ

Студенттің толық дамуы үшін оның әлеуметтік жағдайы да маңызды. Осыны ескерген университет әлеуметтік қолдау жүйесін жүйелі түрде дамытып келеді. Бүгінде оқу орнында 14 мыңнан астам студент білім алса, олардың елеулі бөлігі түрлі әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылған.

Әлеуметтік санаттағы жастарға қаржылай көмек, жатақхана, оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі студенттерге қосымша шәкіртакы беріледі. Сонымен қатар көптеген студент гранттар мен жеңілдіктерге ие болып, білім алу мүмкіндігін кеңейтуде. Бұл – жай көмек емес, бұл – тен мүмкіндік.

Университет жанынан ашылған Almaty Clinic емханасы студенттерге тегін медициналық қызмет көрсетеді. Бұл орталықта тек ем-дом ғана емес, профилактикалық тексерулер, денсаулықты нығайту шаралары медициналық қызмет көрсетеді. Бұл орталықта тек ем-дом ғана емес, профилактикалық тексерулер, денсаулықты нығайту шаралары медициналық қызмет көрсетеді. Бұл орталықта тек ем-дом ғана емес, профилактикалық тексерулер, денсаулықты нығайту шаралары медициналық қызмет көрсетеді.

Билі ғана жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың қолдауының арқасында

590 студентке оқу ақысын төлеуге нақты көмек көрсетілді. Бұл – білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған нақты әрі нәтижелі қадам.

Осындай жан-жақты қолдаудың нәтижесінде студенттер өз күшіне сеніп, алға ұмтылады. Ал ата-аналар баласының дұрыс таңдау жасағанына, оның болашағы сенімді қолда екеніне көз жеткізеді. Бұл – білім ордасына деген сенімнің артуы, бұл – ел болашағына деген сенім.

Бүгінде инженер даярлау тек кәсіби білім берумен шектелмейді. Бұл – ойлау мәдениетін қалыптастыру, жауапкершілік сезімін орнықтыру және қоғамға қызмет етуге дайын азамат тәрбиелеу. Сәтбаев университеті осы міндетті жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Университеттегі білім беру мен тәрбие үдерісі өзара тығыз байланысып, студенттің кәсіби әрі тұлғалық дамуын қатар қамтамасыз етеді.

Осындай ортада қалыптасқан тұлға – тек өз ісін жетік меңгерген маман ғана емес, ел дамуына үлес қосуға дайын, саналы, парасатты азамат. Сондықтан бүгінгі университет тек білім беретін орын емес, ол ұлт болашағын қалыптастыратын, ел ертіне қызмет ететін маңызды институт.

Санар ШАЛАБАЕВ,

Сәтбаев университетінің әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры

Әне-міне дегенше мектеп бітіретін оқушылар үшін жауапты кезең – негізгі ҰБТ тапсыру уақыты жақындап қалды. Олар мамыр айынан бастап жоғары оқу орындарына түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуден өте бастайды. «Биылғы ҰБТ қандай форматта өтеді, тест құрылымына қатысты қандай өзгерістер болады?» деген сауал бойынша Ұлттық тестілеу орталығына жүгінген едік.

# ҰБТ-2026: ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР?

Айгүл СЕЙІЛ

## БЫЛТЫРҒЫ МЕН БИЫЛҒЫНЫҢ АЙЫРМАСЫ

Орталықтың мәліметінше, 2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгеріссіз қалады. Талапкерлер үш міндетті пәнді және таңдау бойынша екі бейіндік пәнді тапсырады. ҰБТ тапсырмаларының жалпы саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» пәндерінен 10 тапсырмадан, сондай-ақ екі бейіндік пәнді арқайсысынан 40 тапсырмадан беріледі. ҰБТ бойынша ең жоғары балл да өзгермейді – бұрынғыша 140 балл.

ҰБТ тапсыру барысында «Алтын белгі», түрлі Олимпиада жеңімпаздары үшін ешқандай басымдылық берілмейтін белгілі болды. Есесіне, ҚАЗТЕСТ, IELTS және TOEFL, SAT, ACT, IB, A Level сертификаттарының иегерлері өз балдарын ҰБТ балдарына ауыстыра алады. Мысалы, ҚАЗТЕСТ нәтижесін «Қазақ тілі» пәні бойынша ҰБТ балдарына ауыстыруға болады. ҚАЗТЕСТ-тің В1 деңгейі «Қазақ тілі» пәнінен 42 балл, В2 деңгейі – 46 балл, С1 деңгейі 50 балл теңестіреді. IELTS немесе TOEFL сертификаттарын «Ағылшын тілі» пәні бойынша ҰБТ балдарына ауыстыруға болады. IELTS-тен 5.0 балл «Ағылшын тілі» пәні бойынша 42 балл, 5.5 балл – 46 балл, 6.0 балл 50 баллға ауыстырылады. Қалған сертификаттар бойынша да арнайы ауыстыру шкаласы бар.


2026 жылғы қаңтар ҰБТ-сын 184 мыңға жуық адам өткен. Талапкерлердің 75%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде және 113 адам ағылшын тілінде тапсырған.

Ал наурыз ҰБТ-сын 179 мыңға жуық адам тапсырған. Талапкерлердің 75%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде және 157 адам ағылшын тілінде тапсырып, олардың 70%-ы шекті балл жинаған. Ал негізгі ҰБТ-ны шамамен 200 мыңнан астам талапкер тапсырады деп күтіледі.

Жоғарыда айтқанымыздай, биыл шекті балл жөнінен де өзгеріс жоқ. Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу шекті балы – 65 балл, басқа ЖОО-ларға 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – 75 балл, «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша – 70 балл, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – 75 балл. Бұл ретте Қазақстан тарихы және ҰБТ-ның екі бейіндік пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, ал оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау қажет. Сондай-ақ әрбір ЖОО білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өзінің өту балын белгілей алатынын айта кеткен жөн.

Қазір ҰБТ жылына бес рет өткізіледі. Оның үшеуі, яғни қаңтар, наурыз және тамыз айларында өтетін ҰБТ ақылы негізде оқуға түсуге арналған. Ал мамыр-шілде айларында өтетін негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, оның сертификаттарының бірімен, талапкер өз таңдауы бойынша грант конкурсына қатыса алады немесе жоғары оқу орнына ақылы негізде оқуға түсе алады. ҰБТ-ны жылына бірнеше рет өткізу туралы шешім балаларға түсетін қысымды азайту мақсатында қабылданғаны түсінікті.

«ҰБТ жылдар бойы өзіне бастапқыда жүктелген міндетті абыроймен орындады деп нық айтуға болады, ол жоғары білімге қолжетімділіктің ашықтығын әрі әділдігін



қамтамасыз етті, тестілеудің электронды форматын енгізу арқылы субъективтілік пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін едәуір төмендетті, білімді бағалаудың бірыңғай ұлттық стандартын қалыптастырып, нәтижелердің салыстырмалылығын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар соңғы жылдары ҰБТ мазмұнының қарапайым жаттауға бағдарлануы, дайындықтың жаттанды сипат алуы сына ұшырап келеді. Валідтілікке жүргізілген талдаулар жоғары балл алу – талапкердің жоғары оқу орнында табысты білім алу қабілетін көрсете бермейтінін айқындайды.

Қазіргі тәжірибе мен зерттеулер білім беру ортасы мен талапкерлерге қойылатын талаптардың айтарлықтай өзгергенін көрсетеді. Университетке түсу кезіндегі тестілер енді тек пәндік білімді ғана емес, ең алдымен жоғары оқу орнында табысты білім алуға қабілеттілікті бағалауға тиіс, өйткені оқыту форматы мен технологиялары түбегейлі өзгерді», – дейді Ұлттық тестілеу орталығы директорының міндетін атқарушы Нүрсейіт Байжанов.

## ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАНАРУДЫҢ АУЫЛЫ АЛЫС ПА?

Осы сын-қатерлерге жауап ретінде уақытша атауы Admission Insight Test деп аталған жаңа формат ұсынылып отыр. Бастапқы кезеңде ол ҰБТ-ны алмастырмайды, керісінше, қолданыстағы жүйемен қатар жүреді. Жоспар бойынша ол алдағы 2-3 жыл ішінде кезек-кезегімен енгізілімек. Алдымен жаңа тестілер шетелдік университеттердің филиалдарында апробациядан және пилоттық сынақтан өтеді, содан кейін ұлттық деңгейде енгізу мәселесі қаралатын болады.

«Соңғы жылдары Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) тест тапсырмалары айтарлықтай

өзгерістерге ұшырады. Негізгі назар бұрынғыдай жатқа білуді тексеруден талапкердің функционалдық сауаттылығын бағалауға ауыстырылды. Қазіргі тапсырмалар тек білімді қайталауға емес, сонымен қатар ақпаратпен жұмыс жасау, оны талдау және практикалық жағдайларда қолдану дағдыларын анықтауға бағытталған.

2024 жылы ҰБТ форматына сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары енгізілді, бұл бұрыннан бар форматтарды толықтырды: бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау, сондай-ақ мәтіндер, графиктер, кестелер және диаграммаларды қолданатын контекст негізіндегі тапсырмалар. Бұл талапкерлердің логикалық ойлау қабілеті мен ақпарат элементтері арасындағы байланысты орната білуін толық бағалауға мүмкіндік береді.

Барлық аталған өзгеріс функционалдық сауаттылықты бағалауға бағытталған және білім жетістіктерін бағалаудың заманауи халықаралық тәсілдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Атап айтқанда, ҰБТ тапсырмаларының құрылымы мен мазмұны PISA, TIMSS халықаралық зерттеулері мен SAT және A-level стандартты тестілері принциптерімен үйлеседі, мұнда басты назар тек білімде емес, оны өмірде қолдану қабілетіне де аударылады.

Осылайша, ҰБТ тапсырмаларын жаңарту халықаралық білім сапасын бағалау стандарттарына сәйкес жүргізіліп, талапкерлердің талдау және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған», – дейді Нүрсейіт Байжанов.

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында ҰБТ-ға қатысушы әрбір адам жете жасалған тест нұсқасын алады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тестілеуге кіреберісте тыйым салынған заттарды, мысалы, телефондарды, шпаргалкаларды және т.б. алып кіруге жол бермеу үшін қол және рамалық металл іздегіштер қолданылады. Тестілеу аудиторияларында рұқсат етілген магниттік толқындар шегінде мобильді және радиоэлектронды байланыс сигналдарын басатын құрылғылар пайдаланылады, сондай-ақ бейнебақылау жүргізіледі.

2026 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе басқа да ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда, талапкердің ҰБТ нәтижелері жойылады.

Өкінішке қарай, ҰБТ өткізу барысында Ұлттық тестілеу орталығына тәуелсіз себептерге байланысты кейбір өңірлерде тестілеу тоқтатылып, тест тапсыру күндері ауысуы мүмкін. Атап айтқанда, электр энергиясының, интернеттің өшуі немесе су жеткізудің болмауы сияқты жағдайлар кездеседі. Бұл үзілістер қызмет көрсетуші компаниялардың жұмысына байланысты туындайды. Әрине, мұндай жағдайлар сирек кездеседі. Орын алған жағдайда Аймақтық мемлекеттік комиссия тестілеу жедел шаралар қабылдап, мәселелердің уақытылы шешілуін қамтамасыз етеді.

Дайындық деңгейін бағалау және емтихан форматына бейімделу үшін онлайн сынақтан отау мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар оқу жылының басында Ұлттық тестілеу орталығының сайтында дайындық үшін барлық қажетті материал жарияланады: ұсынылатын оқулықтардың тізімі; тестінің толық жоспары; Қазақстан тарихы және дүниежүзілік тарих бойынша 100 маңызды тарихи күндердің тізімі; информатика бойынша терминдер глоссарийі; қазақ және орыс әбәбітеі бойынша әдеби шығармалардың тізімі. Бұл ресурстардың барлығы талапкерлерді ҰБТ-ға сенімді және сәтті дайындық үшін құралдардың толық жиынтығымен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар тестілеу бағдарламасында барлық талапкер үшін калькулятор, химиялық элементтердің периодтық кестесі және тұздардың ерігіштік кестесі қолжетімді болады.

Қорыта айтқанда, 2026 жылғы ҰБТ форматы айтарлықтай өзгеріссіз қалғанымен, оның мазмұны мен бағалау тәсілдері біртіндеп жаңарып келеді. Бүгінгі тест жүйесі тек білімді жатқа білуге емес, оны талдап, өмірде қолдану алу қабілетіне басымдық беруге бағытталған. Сонымен қатар алдағы жылдары енгізілуі мүмкін жаңа форматтар талапкерлердің академиялық әлеуетін жан-жақты бағалауға мүмкіндік бермек. Осылайша, ҰБТ жүйесі уақыт талабына сай жетілдіріліп, жоғары білімге әділ әрі ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуді жалғастыра бермек.

## АЙМАҚ

9 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

СҰР ДАҢҒЫЛДАН  
ДҮР ДАҢҒЫЛҒА

«Қызылорда – Ақтөбе» автожолы – Қазақстанның батыс және оңтүстік өңірлерін жалғайтын стратегиялық маңызы зор көлік дәліздің бірі. Көп жылдан бері аталмыш автожол бағытына қатысты келеңсіздік көпті толғандырып келген. Әсіресе, автодәліз құрылысынан кеткен кемшілік күн тәртібінен түскен емес.

### А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Жалпы, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық автодәлізінің 810 шақырымы Сыр өңірінен өтеді. Оның ішінде күрежолдың 566 шақырымы Қызылорда мен Ақтөбе бағытына тиесілі. Дәйірғармен, кейінгі кездері аталмыш бағытта жол-көлік оқиғасының жиілеуі елді елен-алан күйге түсірді. Бұл бірінші кезекте жол бөлігін екі жолақтан төрт жолаққа ауыстырылып, бірінші санатқа көшіру сұранысын арттырып тұр.

Мәліметке сәйкес, екі облыстың арасын жалғайтын бұл күрежол бойында өткен жылдың өзінде 70-ке жуық жол апаты тіркелгені жайында дерек бар. Соның салдарынан 37 адам қаза болып, 130 жолаушы түрлі дене жарақатын алғаны айтылады. Жалпы осы жолмен қатынайтын көліктер санының да жыл сайын артып келе жатқаны байқалады. Соңғы мәліметтерге сәйкес, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автодәлізінен күніне 10 мыңнан астам көлік қатынасы тіркелсе, оның ішінде жолаушылар тасымалымен қатар, жүк көліктерінің де үлесі басым. Бұл жол, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін, құрылыс материалдары мен өнеркәсіп тауарларын тасымалдауда маңызды рөл атқарады.

Осы орайда айта кеткен абзал, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 10 қазанда Қызылорда облысына жасаған

жұмыс сапарында аталмыш жол мәселесіне назар аударған еді. Нәтижесінде, Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі автомобиль жолын төртжолық етіп қайта жаңғырту жобасының жобалау жұмыстарын жедел бастау жөнінде тапсырма берген болатын.

Жыл басында Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында да Президент күрежол бойындағы бұл келеңсіздікті назарға алды. Келелі кеңесте Сыр өңірінде жүзеге асырылатын бірқатар ірі жоба жария болды. Оның ішінде «Бейнеу – Сексеуіл» автожолы мен «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын кеңейту жобасының биыл басталатынын мәлімдеген болатын.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта төртжолықты жана күрежолдың құрылысы басталатын болады», – деп атап өтті бұл жөнінде Президент.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жуырда күрежол бойында қозғалыс басталды. Нақты айтқанда, өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған маңызды жобаның бірі – Қызылорда – Ақтөбе жолын төртжолық етіп кеңейту жұмыстарының алғашқы кезеңі бастау алғаны жария болды.

Негізінен, міндетті жұмыстарды қысқа мерзімде орындау мақсатында демеушілердің қолдауымен 350 млн теңгеге техника-экономикалық негіздеме әзірленген. Соның нәтижесінде ұзындығы 487 шақырым болатын жол жобасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

«Қазавтожол» Қызылорда облыстық филиалының дерегіне сәйкес, бірегей жоба екі кезең бойынша жүзеге асырылмақ. Оның бірінші кезеңінде ұзындығы 26 шақырымды құрайтын Қызылорда қаласының айнала жолы салынады. Ал екінші кезеңде Қызылорда қаласынан басталып, облысқа қарасты Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының сыртынан айналып өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырым жол салу жоспарланып отыр.

Жоба толық жүзеге асканда автодәліз бойында 11 көпір, 13 жол өткелі, үй жануарларына арналған 62 өткел және 399 су өткізгіш құбыр салынады деген жоспар бар. Бұған қоса, жүргізушілер мен жолаушыларға арналған заманауи сервистік қызмет көрсету нысандары салынбақшы. Бұл өз кезегінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, шағын және орта бизнестің дамуына тың серпін береді деп күтілуде. Мамандар автожолдың ІІ санаттан І санатқа көтерілуі көлік қозғалысын жеңілдетіп, жүк тасымалына қолайлы жағдай туғызады деп отыр. Бір сөзбен айтқанда, қос аймақты байланыстыратын маңызды бағыт өңірдің транзиттік әлеуетін күшейтіп, ел экономикасының дамуына оң серпін беретініне зор сеніммен қарайды. Көп жыл күткен күрежол құрылысына тұрғылықты халықтың да айтар пікірі аз емес.

«Жолдың жайы маған жақсы таныс. Соның ішінде жолдың тарлығы мен жүк көліктерінің көптігі салдарынан Қызылорда – Ақтөбе бағытында қиындықтар бар. Сондықтан көп жылдан бері бұл бағытты толықтай жаңғырту қажеттігі туындап тұр. Қазалы ауданынан шыққан соң, Қамбаш пен Шөміш ауылдарының аралығындағы жол көп жағдайда ойдым-ойдым күйге түседі. Сонымен қатар жайылымнан қайтқан малдар жолдан жиі өтеді. Соған орай малдың жол үстінде жүрмеуіне тосқауыл ретінде жолдың екі жағын қоршаса немесе жол астына мал өтетін өткел салса, қауіптің алдын алуға үлкен сеп болар еді. Тағы бір айта кететін жайт, күрежолдың ауылдарды айналып өтуіне мән берілсе, жолдың негізгі бөліктерін жарықтандыру ісі назардан тыс қалмаса деп есептеймін. Жалпы, екі өңірді жалғайтын жолды төртжолыққа айналдыру жобасының басталғанына қуандық. Ендігі кезекте аталмыш жолды төртжолық етіп келесі уақытта сапаға баса мән берілсе деген ұсынысымыз бар», – деп өз ойын білдірді Арал өңірінің тұрғыны Тілеужан Сүлейменов.

Қалай дегенде де, тар жолдың тауқыметін тартқан халық ауқымды жобадан оң нәтиже күтетінін жеткізіп отыр. Ең бастысы, күрежол кәсіпсіз, әрі қос өңірді жалғайтын қолайлы бағытқа айналатынына сеніммен қарайды.

### ЖӘДІГЕР

Атырау өңіріндегі Сарайшық қалашығы кейінгі жылдары тың серпін алып, тарих пен цифрлық технология тоғысқан заманауи ғылыми-мәдени орталыққа айналып келеді. Ортағасырлық шаһарда жүргізілген археологиялық қазбалар, ғылыми зерттеулер мен жаңғырту жұмыстары оның тек өңірлік емес, халықаралық деңгейдегі маңызын айқындай түсті.

## КӨНЕ ҚАЛАШЫҚ ҚАЙТА КӨРКЕЙДІ



### А Баян ЖАНУЗАҚОВА, Атырау облысы

Жақында Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ұйымдастырған «Ортағасырлық Сарайшықты зерттеу, сақтау, жаңғырту жұмыстары және келешегі» атты халықаралық баспасөз-туры өтті. Іс-шараға Ресей Федерациясынан келген конаттар, Астрахань өңіріндегі «Жолдастық» қоғамдық бірлестігінің өкілдері, сондай-ақ отандық ғалымдар мен зиялы қауым қатысты.

2021-2025 жылдар аралығында жүргізілген археологиялық қазбалар ерекше нәтижелерге қол жеткізді. Қазба жұмыстары барысында табылған бірегей жәдігерлер мен қайта қалпына келтірілген тарихи бұйымдар арнайы көрмеге қойылды. Әсіресе, 2025 жылы Сарайшық, Қарағайлы, Ұшқан және Ащысай ескерткіштерінде жүргізілген зерттеулер нәтижесі келушілердің үлкен қызығушылығын тудырды. Бұл жаңалықтар Жайық өңірінің ортағасырлық өркениет орталығы болғанын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Ғылыми бағыттағы жетістіктер де назар аударарлық. 2025 жылы музей қызметкерлерінің зерттеулері халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып, Scopus деректер базасына енген «Поволжская археология» және Stratium Plus журналдарында жарияланды. Бұл – отандық археология ғылымының әлемдік деңгейде мойындала бастағанының айқын көрінісі.

Музей ғалымдарының еңбектері шетелдік жетекші ғылыми орталықтарға жолдануда. Олардың қатарында АҚШ Конгресі кітапханасы, Италияның Рим қаласындағы кітапханалар, Анкара университеті және Ресей мен Өзбекстанның ғылыми-зерттеу мекемелері бар. Бұл бастама Сарайшық мұрасын халықаралық ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді деп отыр.

Сонғы жылдардағы басты жаңашылықтың бірі – цифрландыру үрдісі. Қазір «Сарайшық» сапар орталығындағы 382 жәдігер мен археологиялық нысандарға QR-кодтар орнатылған. Келушілер смартфон арқылы әрбір экспонаттың тарихымен таныса алады. Сонымен қатар 29 жәдігер 3D форматқа көшіріліп, виртуалды кеңістікте қолжетімді болды. Бұдан бөлек, музейдің ғылыми есептері мен конференция материалдары толық цифрландырылып, ресми сайтқа орналастырылған.

Атырау облысындағы Сарайшық қалашығы аумағында орналасқан Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы бүгінде тек ғылыми-зерттеу орталығы ғана емес, ұлттық тарихтың аса маңызды нысандарының бірі ретінде ерекше қорғауды қажет етіп отыр. Алайда кейінгі жылдары табиғи факторлар мен инфрақұрылымдағы әлсіздіктер бұл тарихи мекеннің қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндірп келеді.

Жайық өзенінің жағалауында орналасқан музей-қорық үшін басты қауіп – су эрозиясы. Екі жыл бұрын болған су тасқыны кезінде жағалаудың ша-

мамен 3,5 метрге дейін шайылуы қорғаныс жүйесінің жеткіліксіз екенін айқын көрсетті. Бұл жағдай тек табиғи құбылыс емес, тарихи мұраның сақталуына тікелей қауіп төндіретін күрделі мәселе ретінде бағаланады.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұхтардың айтуынша, Сарайшықты сақтау – ғылыми қауымдастықтың ғана емес, жалпыұлттық деңгейдегі міндет.

«Өйткені бұл нысан Қазақстан тарихындағы аса маңызды кезеңдермен тығыз байланысты. XIII–XVI ғасырларда Сарайшық Алтын Орда дәуірінде ірі саяси және сауда орталығы болды. Кейін Ноғай Ордасы кезеңінде де маңызды рөл атқарып, Еуразия кеңістігіндегі стратегиялық қалалардың бірі саналды. Атырау қаласының солтүстігінде 55 шақырым жерде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан қала кезіндегі Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды тораптардың бірі болған. Мұнда тек сауда ғана емес, мәдениет пен ғылым дамып, түрлі өркениеттер тоғысқан. Алтын Орда дәуірінде Кавказ бен Қырымды Қарақорым, Қытаймен байланыстырған керуен жолы бойындағы маңызды діни, саяси-экономикалық орталық болған. Алтын Орданың, қазақ және ноғай хандарының алғашқы пантеоны болған қаланың гүлденген дәуірі XIII–XIV ғасырлар аралығы деп аталады. Fatimurrahmanov күйреуіне қарай қала әлсірегенімен, артынаша Ноғай ордасының астанасы атанып, қайтадан дәуірледі. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының алғашқы астанасы болған Сарайшықтың тарихи және мәдени маңыздылығы оны жай ғана археологиялық ескерткіштен әлдеқайда жоғары деңгейге көтереді», – дейді ол.

Осыған байланысты «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұхтар музей-қорықты қорғау бағытында жүйелі әрі кешенді шаралар қажет екенін алға тартады.

«Жайық өзенінің жағалауын инженерлік тұрғыда бекіту, су тасқынына қарсы қорғаныс жүйесін жетілдіру, заманауи мониторинг технологияларын енгізу, сондай-ақ туристік және ғылыми инфрақұрылымды дамыту маңызды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін республикалық және жергілікті билік органдарының үйлесімді жұмысы қажет. Тек қаржылық қолдау ғана емес, ұзақмерзімді стратегиялық жоспар да аса маңызды. Себебі тарихи мұраны сақтау – бірреттік шара емес, үздіксіз жүргізілетін кешенді процесс», – деді «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Әбілсейіт Мұхтар.

Жалпы алғанда, Сарайшық – тек археологиялық нысан емес, ол қазақ мемлекеттігінің, дала өркениетінің және Ұлы Жібек жолы мәдениетінің маңызды куәсі. Бүгінде қолға алынған цифрлық жобалар мен ғылыми зерттеулер оның халықаралық беделін арттырып, туристік әлеуетін күшейтуге жол ашуда. Ал тарихи мұраны сақтау мен қорғау – келер ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік болып қала бермек.

## ЖОЛДЫҢ ҚАРЖЫСЫ ҚОЛДЫҢ ҚАРЖЫСЫ ЕМЕС

Жол салу жеңіл бітер іс емес. Жылда жол жөндеуге қыруар қаржы қаралғанымен, бүлінгенімізді бүтіндеп бітпедік. Көктем шыға сала мамандар тас жолдарға құрылысты бастағанымен, ойдым-ойдым жолдардан әлі күнге көз ашпадық. Бұл жүргізушілердің шағымын тудырмай қоймас бұл белгілі.

### А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

«Көктем шықса болды, құрылыс компаниялары жолды қазуды бастайды. Ол шамалы уақытта біте қалса, мақұл. Құрылыс жұмыстары сонау қалың күзге дейін созылады. Бір жолды енді бітіп қалды дегенде, тағы басқа жағын қазып, шаңын шығарады. Ал ең таңғаларлығы, бір жөндеген жолды құрылыс компаниялары екінші мәрте қопарып жатады. Оның үстіне, сапасыз жол құрылушыларын қосымша шығынға батырады», – дейді Тараз қаласының тұрғыны Самат Тілеужан.

Иә, жол қалдырған біледі. Шаһардағы жол құрылысы жұмыстарынан әбден шаршаған жүргізушілер осылайша жанайқайын білдіреді. Сонда жылда жолды жамай бергеннен оның сапасы жақсара ма? Әлде бізде жолды бір рет күрделі жөндеуден өткізуге қаржы жетпей ме?

Облыстық Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, соңғы екі айдың ішінде өңірдегі жолдар 706 рет тексерілген екен. Нәтижесінде, 3 427 ақау анықталған.

«Анықталған ақаулардың дені – белгіленген жол салу ережелерін сақтамау, құрылыстың сапасы сын көтермеу немесе белгілердің дұрыс жүргізілуі сынды жағдайлар. Тексерулер қорытындысында біз ақауларды қалпына келтіру үшін 711 нұсқама бердік. Жол әрдайым бақылауды қажет етеді. Өйткені жолдың сапасы жүргізушілердің қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Сондықтан департамент тарапынан нұсқама беріп қана қоймай, жауаптыларды жауапкершілікке



тарту жұмыстары да жүргізілуде. Бұл бағытта біз 273 хаттама толтырып, жол қауіпсіздігі мен сапасына немқұрайлы қараған 109 лауазымды тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс бердік. Ал ескертуді елемеген 10 жауапты тұлғаға тағы қосымша хаттама толтырылды», – деп жауап берді облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Ресми мәліметке сүйенсек, бұлтыр Жамбыл облысында 2 042 жол-көлік оқиғасы болған, 205 адам қаза тауып, 3 071 азамат түрлі дене жарақатын алған. Ал Тараз қаласында 957 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 1 256 адам жарақаттанып, 26 жолаушы көз жұмған.

Есепті кезеңді айтсақ, биыл үш айда облыс бойынша 377 жол апаты болса, 564 азамат жарақат алып, 32 адам қаза болған. Ал Тараз қаласында 193 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 1 адам көз жұмып, 256 азамат түрлі жарақат алыпты. Байқап тұрсаңыздар, өңірде болған жол апаттарының тең жартысы Тараз қаласына тиесілі.

Әрине, жол апатының барлығы бірдей сапасыз жолдан болды деуден аулақпыз. Алайда жол сапасы да статистикаға әсер етпей қоймайтыны анық.

Тараз қаласы әкімдігінің берген мәліметіне сүйенсек, жол сапасы жергілікті биліктің жіті назарында. Алайда жол құрылыстарының дені орташа жөндеу екенін билік өкілдері де жасырмады.

«2024 жылы 120 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ол 86,7 шақырымды құрайды. Бұдан бөлек, Санырақ батыр мен Шостакович көшелері жаңғыртудан өтті. Ал бұлтыр 108 көше орташа жөндеу көрді. Оның

шақырымы 61,4-і құрап отыр. Қазір Койгелді мен Асқаров көшелерін жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Бұдан бөлек, ең өзекті аумақ саналатын «Бұрылы» алқабындағы 75 көшеге және «Барысхан» алқабындағы 24 көшеге тас жол төселді. Жалпы 2023–2025 жылдар аралығында 474 көше асфальтталды. Нәтижесінде, жол сапасы 58,6 пайыздан 74,5 пайызға жақсарды», – дейді қала әкімдігінің мамандары.

Иә, үш жылда 474 көшенің жөндеуі қуанарлық жағдай. Алайда Тараз қаласында үш жылдың өзінде 474 көше жөндеуді қажет етсе, сонда бұған дейін жауаптылар не істеген? Жолдың жер құмы шыққанша қарасыз қалдырған ба? Әлде жоғарыда жолаушылар шағымданғанындай, шенділер бір көшені жылда сипалап жүре берген бе? Егер осыған дейін 474 көше жөндеуді қажет еткен болса, демек Тараздағы жолдың жайы сын көтермегенін аңғару қиын емес.

Бұлтыр өңірге орташа жол жөндеу жұмыстарына 6,5 млрд теңге жұмсалған екен. Ал биыл 3,4 млрд теңге қаралып отыр. Демек, әлі де шаһарда жөндеуді қажет ететін жол көп деген сөз.

Әрине, байыбына бармай жатып, бай-балам салудан аулақпыз. Алайда жол мәселесі қазір жүргізушілер мен жолаушылардың жанына батып тұрғаны анық. Жылда жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жұртшылық көреді. Алайда оның сапасы қандай? Егер бір көшені жөндеуге бөлінген қаржы толықтай тегінін тауып, мердігер максатты жұмсаса, келер жылы сол жолға қайта конкурс жариялап жатпа едік.

